

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ



ӘОЖ 373
КБЖ 74.268.1
Қ17

*«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
«Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалының
Ғылыми-әдістемелік кеңесі басуға ұсынған*

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық. Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2020. – 56 б.

Әдістемелік құрал жалпы білім беретін орта мектепте «Қазақ тілі» пәні бойынша оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған. Бұл құралда халықаралық PISA нәтижелері бойынша талаптар мен түсініктерге сипаттама беріліп, оқырмандық сауаттылық деңгейлері оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сай ұсынылды және үлгілік тапсырмалар берілді. Сонымен қатар сабақ үдерісінде оқу сауаттылығын жүзеге асыру мақсатында пән мұғалімдеріне көмекші құрал есебіндегі әдістемелік нұсқаулық ұсынылды.

Оқу-әдістемелік басылым

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық

Техникалық редакторы: С.М. Жапарова
Дизайнер-беттеушісі: А.А. Рахымжанова

ИБ №1051

Басуға 27.07.2020. қол қойылды. Пішімі 60x84/8.Сандық басылым.
«Segoe» гарнитурасы. 80 гр. қағазы. Шартты баспа табағы 6,51. Есептік баспа табағы 3,2.
Шартты бояулы беттаңбасы 26,04. Таралымы ... дана. Тапсырыс № ...

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Хусейн бен Талал, 21/1,
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

Сатып алу және жеткізу мәселесі бойынша
+7 (7172) 235-235; +7 701 0235 235 телефондарына немесе
store@nis.edu.kz интернет-дүкеніне,
 @NIS_OQYLYQ,  NISoqylyq хабарласыңыз

ӘОЖ 373
КБЖ 74.268.1

ISBN 978-601-328-929-8

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ,
«Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2020

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
I. Оқу сауаттылығы: жалпы мәлімет	8
II. «Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы функционалды сауаттылық.....	15
III. Оқушылардың оқу нәтижелерін жетілдіруге арналған әдістемелік нұсқаулық.....	32
Әдебиеттер тізімі.....	56

Қазіргі қарқынды дамыған заманда «сауаттылық» ұғымының аясы кеңейіп келеді. Қаппайым сауаттылық ұғымына жататын адам баласының оқи, жаза және есептей білу дағдыларымен қатар, «функционалды сауаттылық» ұғымы белсенді қолданыла бастады. «Функционалды сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды.

Функционалды сауаттылық – мектеп білімі мен адам баласының күнделікті өмірдегі көпсалалы әрекетін байланыстыру нәтижесінде тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімдей отырып қалыптастыратын білім-білігі. Функционалды сауаттылықтың негізгі ерекшелігі өзгермелі қоғамның түрлі салаларында қолданбалы білімге сүйене отырып, өмірлік мәселелерді шеше білумен сипатталады [1]. Ол адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық салаларға белсенді атсалысуына және өмір бойы білім алуға жетелейтін фактор болып есептеледі. Функционалды сауаттылық – белгілі бір қоғамның жоғары әлеуетінің көрсеткіші. Оның жоғары деңгейі қоғамның саяси-мәдени жетістігін көрсетеді; төменгі деңгейі әлеуметтік дағдарыстың алдын алу жөнінде хабар береді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) халықаралық ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, ұлттық білім орталықтарының қатысуымен 3 жылда бір рет **Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бағдарламасы** бойынша тест ұйымдастырады (ағыл. Programme for International Student Assessment, PISA). Аталған тест әлемнің әртүрлі мемлекеттері бойынша оқушылардың функционалды сауаттылығын, мектепте алған білімін практикада қолдана білуін бағалайды. PISA зерттеуі жүйелі жүргізілетін мониторингтік зерттеу болып табылады, яғни ол әртүрлі мемлекет бойынша білім жүйесінде болып жатқан өзгерістерді анықтау мен салыстыруға, білім саласы бойынша жасалған стратегиялық шешімдердің тиімділігіне баға беруге мүмкіндік береді. Білім сапасына жасалатын мониторинг 4 негізгі бағыт бойынша жүргізіледі: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық және АКТ сауаттылығы.

Халықаралық зерттеу нәтижесі негізінде, соның ішінде PISA, ЭЫДҰ әртүрлі мемлекеттерге білім жүйесінде айқындалған мәселелерді шешуге, саяси бағыттарды дайындауға және оларды тиімді жүзеге асыруға көмектеседі [2]. PISA зерттеулерінің нәтижесінде оқушыға қатысты төмендегідей сұрақтар шешімін табатын болады:

- Жасөспірімдер болашақта өздері бетпе-бет ұшырасатын қиындықтарды еңсеруге қаншалықты дайын?
- Олар өз идеяларын жүзеге асыруда белгілі бір проблеманы талдау, себебін анықтау дағдыларын қолданып, сәйкесінше қарым-қатынас орната ала ма?
- Әлеуметтік өзгерістерге бейімделуде оқушылар қандай білік-дағдыларын пайдаларына жарата алады?

Аталған зерттеуге сүйеніп, мектептердің қандай үлгіде ұйымдастырылғаны және қай мектептің білім сапасы өзгелерден озық екендігін бағамдауға болады. Сонымен қатар оқушылардың жетістікке жетуіне ықпал ететін мектепшілік ресурстардың сапалысын анықтай аламыз. Білім берудің құрылымдық жүйесі мен тәжірибесі оқушылардың жинақтаған білім қорын мүмкіндігінше пайдалы, жарамды болуға жетелейді. Ал нақты PISA-ның сауалнама сұрақтарына келетін болсақ, мынадай мәліметтермен таныса аламыз:

- оқушының отбасы, шыққан тегі (экономикалық, саяси, мәдени) туралы жан-жақты деректер;
- оқушының қоршаған ортасы, білім алу арқылы жинақтаған тәжірибесі, әдеттері;
- білім беру саласындағы басқа да институттық құрылымдардың қызметі туралы деректер. Осы ретте сыныптағы оқушылардың сипаттамасы, сыныптың көлемі мен ахуалына сай танылады;
- оқушыға мектепте берілетін білімнің тереңдігі оның қызығушылығына не мотивациясына сәйкестігі бағаланады.

ЭЫДҰ-ның 2030 жылға дейін білімді дамытуға арналған концептуалдық тұжырымдамасында базалық сауаттылық, құндылықтар, негізгі концептілер және қосымша құзыреттіліктер көрсетілген (1-кесте). Бұл жоба мұғалімдерге оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, білім мен дағдыны қатар үйретуге (мысалы, сыни ойлау, креативті ойлау), сонымен қатар қарым-қатынас пен құндылықтар арасында байланыс орнатуға (мысалы, құрмет және эмпатия) көмектеседі. ЭЫДҰ-ның концептуалдық тұжырымдамасын талдау ең алдымен пән мұғалімдеріне белгілі бір дағдыларды, қарым-қатынас пен адами құндылықтарды «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнымен үйлестіріп оқытуға мүмкіндік береді.

1-кесте

ЭЫДҰ-ның 2030 жылға дейін білімді дамытуға арналған концептуалдық тұжырымдамасы

Базалық сауаттылық түрлері Дамытуға арналған сауаттылықтың негізгі түрлері	Сауаттылық
	Есептей білу
	Ақпараттық сауаттылық; цифрлық сауаттылық
	Деректермен жұмыс жүргізе білу сауаттылығы
	Тән саулығын сақтау сауаттылығы / денсаулықты күту
Білім, дағды, қарым-қатынас және құндылықтар Жастарға өз әлемдерін жасауға қажетті дағдылар, қарым-қатынас, құндылықтар	Ынтымақтастық
	Сыни ойлау
	Мәселені шешу
	Креативті ойлау
	Өзін-өзі реттеу / өзін-өзі бақылау
	Эмпатия
	Құрмет
	Табандылық / қайсарлық
	Сенім
Концептуалдық тұжырымдаманың негізгі концептілері Концептуалдық картаның негізін құрайтын концептілер	Оқушылардың белсенділігі (мысалы: ынталандыру, мақсат қоя білу, өзін-өзі дамыту)
	Бірлесе әрекет ету (мысалы, оқушы – мұғалім; оқушы – оқушы; оқушы – ата-ана; оқушы – мектептен тыс орта)
	Жауапкершілік
	Жанжалды (конфликт) шеше білу

Құзыреттіліктерді қалыптастыру циклі	Болжам жасау
	Әрекет ету
	Рефлексия
	«Болжау – әрекет – рефлексия» циклі (бағдарлама арқылы жүзеге асырылатын цикл)
Қосымша құзыреттіліктер Жеке, әлеуметтік және экономикалық әлеует үшін қажетті білім, дағды, сенім және құндылықтарды қамтиды	Ғаламдық құзыреттілік
	Медиа сауаттылық
	Тұрақты даму сауаттылығы
	Компьютерлік ойлау / бағдарламалау / кодтау
	Қаржылық сауаттылық
	Кәсіпкерлік сауаттылық


Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында ұсынылатын бұл әдістемелік нұсқаулық Халықаралық PISA зерттеуіне қатысатын 15 жастағы қазақстандық оқушылардың оқу сауаттылығының сапасын күтілетін нәтижеге бағыттау арқылы олқылықтың орнын толтыруға бағытталады.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін «Қазақ тілі» пәні оқу бағдарламасы бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын басшылыққа алған жөн. Оның әр бөлімінде оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға ықпал ететін оқу мақсаттары ұсынылған.

Оқушылардың оқу сауаттылығын **қалыптастыру мен дамытуға** арналған әдістемелік нұсқаулық жалпы білім беретін мектеп пен колледж мұғалімдеріне, сонымен қатар «оқу сауаттылығы» бойынша халықаралық PISA зерттеуіне қатысатын 8-9-сынып оқушыларын дайындауда әдістемелік көмек көрсететін Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдеріне арналады. Бұл еңбекте PISA форматындағы тапсырмаларды құрастырудың тәсілдері, сонымен бірге тапсырма үлгілері берілді.

Тапсырмалар PISA деңгейлеріне сай құрастырылған:

6-деңгей _____
5-деңгей _____
4-деңгей _____
3-деңгей _____
2-деңгей _____
1-деңгей _____



Оқу сауаттылығының барлық деңгейіне арнап тапсырма құрастыру оқушылардың мәтін мазмұнын игеруге қатысты жалпы білік дағдысын, оқыған мәтіндегі тұтас ойды түсінуін, түрлі стильдер мен жанрлардағы мәтіндерді талдап, мазмұндай білуін, мәтіннен ақпарат іздеумен қатар, оны түсіндіру, мәтін мазмұны мен формасына рефлексия жасау, проблемалық жағдаятты түсінумен қоса шешімін ұсына білу қаблетін дамытады.

Оқушының мәтінді талдай білу дағдысын дамытуға жаңартылған мазмұндағы «Қазақ тілі» оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттарының тікелей қатысы бар, яғни оқушылардың оқу сауаттылығы сабақ барысында қалыптастырылады. Мәселен, PISA бойынша оқу сауаттылығының 5-деңгейіне сәйкес келетін оқу мақсаттары бағдарламада төмендегіше берілген:

PISA деңгейі	Деңгей сипаттамасы	«Қазақ тілі» оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары
5	Қалай жазылғанын анықтай отырып, ақпаратты жинақтайды. Академиялық білімге сүйене отырып, мәтінді ой елегінен өткізеді. Таныс емес мәтінді түсінеді және түсіндіреді. Ұғымдарды түсінеді және оны ажырата біледі. Мәтін логикасы мен тілдік ерекшелігін түсіне алады. Нақты білімге немесе тұжырымдамаға сүйеніп, гипотеза негізінде бағалайды және сыни тұрғыдан талдайды.	– 9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; – 9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; – 9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; – 9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу.

Осылайша, қазақ тілі сабағы барысында оқу мақсаттарын игерту арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыруға болады.

Берілетін әдістемелік нұсқаулар кіріспеден, үш тараудан, үлгілік тапсырмалар мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

Кіріспеде «оқу сауаттылығы» жөнінде түсінік беріледі, сонымен қатар оның PISA-дағы көрінісі мен оқу бағдарламасында қамтылған базалық сауаттылық пен құндылықтар, негізгі концептілер және қосымша құзыреттіліктер ұсынылады.

«Оқу сауаттылығы: жалпы мәліметтер» деп аталатын алғашқы бөлімде оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалардың құрастырылу жолы және оның қандай компоненттерден тұратыны айтылады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы функционалды сауаттылық» атты екінші тарауда PISA-дағы оқу сауаттылығының деңгейлері арасындағы өзара байланыс пен оған қарасты «Қазақ тілі» бағдарламасында қамтылған оқу мақсаттары туралы мағлұмат беріледі. Сонымен қатар, бұл тарауда оқу сауаттылығының әр деңгейіне сай келетін тапсырма үлгілері көрсетілген. Ол тапсырмалар бағдарламада қамтылған оқу мақсаттарына сай және қазақ тілі сабағында қолдануға қолайлы кейбір мәтіндер мен мәтінге сай құрылған тапсырмалардан тұрады. Тапсырма түрлері мен таңдалған мәтіндерді үлгі ретінде қабылдау қажеттігі ескертіледі.

«Оқушылардың оқу нәтижелерін жетілдіруге арналған әдістемелік нұсқаулық» атауымен берілген үшінші тарауда PISA-ның әр деңгейіне сай мұғалімдерге тапсырмаларды құрастыруға қатысты кеңестер беріледі.

Әдістемелік нұсқаулық соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен дереккөздер көрсетілген. Аталмыш әдістемелік нұсқаулық оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға көмектеседі.

I. ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ: ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Оқу сауаттылығы – коммуникативтік дағдының маңызды бір түрі ретінде оқу дағдысына диагностика жасау үшін «Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау» бағдарламасы бойынша (PISA) енгізілген термин.

«Оқу сауаттылығы» адам баласының қоғам өміріне араласу үшін жазба мәтіндерді түсініп және оған рефлексия жасай білуін, оның мазмұнын өз мақсаттарына пайдалана алуын, білімі мен мүмкіндіктерін дамытуын білдіреді [3]. Бұл түсінік «функционалды оқу сауаттылығы» ұғымының баламасы болып табылады.

Оқу бағдарламасы бойынша қазақ тілін оқыту коммуникативтік тәсілге негізделгені белгілі. Бұл тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын қатар дамыту дегенді білдіреді. Оның ішінде, оқылым дағдысын қалыптастыру барысында қоғамдық өмірге араласу үшін оқушылардан мәтінді түсініп оқу және кері байланыс жасау, оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін мәтін мазмұнын пайдалана білу, қалыптастырған білімі мен қабілетін дамытуы күтіледі. Бағдарламада оқушылардың функционалды оқу сауаттылығын дамыту негізгі талаптардың бірі болып саналады және жоғары ойлау (салыстыру, талдау, бағалау т.б.) деңгейлерін, сыни ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аударылған, атап айтқанда:

- әртүрлі мәтіндердің мазмұнына интерпретация жасай білу;
- мәтіннен алған ақпараттарды өмірлік жағдаяттарда қолдана білу;
- ақпараттарды талдай білу, материалды бірнеше бөлікке бөлу және олардың арасындағы байланысты түсіну;
- әртүрлі мәтіннен алған ақпараттарды жинақтай білу (синтез), қорытынды жасау;
- тыңдалған/оқылған ақпаратқа баға беру.

Оқу бағдарламасына сай қазақ тілі сабағында оқылым материалы ретінде баспа өнімдерімен қатар (оқулық, газет-журнал, т.б. материалдар) электронды нұсқадағы мәтіндерді қолдану, олармен жұмыс жүргізу ұсынылады. Себебі ақпараттық құралдардың кеңінен қолданыла бастауына байланысты оқушылардың АКТ дағдыларын тиімді пайдаланып, цифрлық мәтіндермен де жұмыс жүргізе білуі аса маңызды.

Функционалды сауаттылықты дамытуға арналған тапсырма түрлері 3 компоненттен тұрады: 1) жағдаят, 2) мәтін, 3) аспект. Бұл бөлімде берілген компоненттердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталатын боламыз.

1-компонент. Мәтін оқу қандай мақсат пен жағдаятқа негізделеді?

Мәтінді оқу – ол белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекет, өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынасқа түсу үшін мәтін мазмұнын түсіну, одан қажетті ақпаратты алу, көтерілген мәселені анықтау деген сияқты оқырманның жеке мақсаттарынан құралады. Алайда мәтінді оқу «мақсаты» дәстүрлі оқылым тапсырмаларында жай ғана мәтіндегі жалпы сұрақтар бойынша жекелеген сұрақтарға жауап беру және келесі мәтінге көшумен шектелетін. Оқу сауаттылығына арналған тапсырмалар дәстүрлі тапсырмаларға қарағанда белгілі бір сценарийге негізделеді. Мәтін бойынша әр тапсырмада алдымен кіріспе ұсынылады, ал кіріспеде бір немесе бірнеше мәтінді оқудың мақсаты алдын ала айқын көрсетіледі. Басқаша айтқанда, тапсырмада жағдаят пен нақты мақсатты ұсыну арқылы оқырманға қажетті ақпаратты табу, түсіну және басқа пәндерден меңгерген біліммен ұштастыруға арналған тәсілді таңдауға мүмкіндік беріледі.

Тапсырманың кіріспесі бірнеше жағдаятқа негізделіп жасалады. Төменде әр тапсырма үшін жасалатын жағдаяттың түрлері ұсынылып отыр:

- **Жеке** – бұл жағдаят интеллектуалдық және практикалық тұрғыдан жеке адамның қызығушылығына бағытталған. Мысал ретінде жеке қызығушылық үшін оқылатын хаттар, электрондық хаттар, қысқа хабарлама, блог, әдеби шығармалар, биография және ақпараттық мәтіндерді айтуға болады.
- **Қоғамдық** – бұл жағдаят жалпы қоғамдық мәселелер мен онда болып жатқан жағдайларға бағытталған. Мысалы, ресми құжаттар, қоғамдық шаралар туралы ақпарат, хабарландырулар, жаңалық сайттары, хабарламалар.
- **Оқыту** – бұл ретте оқыту, білім беру үдерісінің үлгісі ұсынылады. Мысалы, баспа немесе электронды оқулықтар, интерактивті оқытуға арналған бағдарламалық қосымшалар т.б.
- **Кәсіби** – бұл жағдаятта шұғыл әрекетке шақыратын жағдайлар беріледі. Мысалы, жұмыс іздеу, бос қызмет орындары туралы баспа немесе электронды хабарландырулар, веб-сайттар т.б.

2-компонент. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қандай мәтіндерді таңдау қажет?

Мәтінді оқу – адам баласының қазіргі қоршаған әлемде ақпаратты тани білудегі сан қырлы қабілеті. Шындығында, мәтін – кез келген объективті шындықтың жазбаша көрінісі.

Халықаралық білім беру үдерісінде мәтін түрлері бойынша ортақ жүйе жоқ. Белгілі бір мәтінде мәтін түрлерінің барлық белгілері кездесуі мүмкін. Функционалды сауаттылық үшін мәтіннің мынадай жалпы белгілері маңызды болып саналады: ойдың байланыстылығы және жүйелілігі; аутенттілігі, фактілерге құрылуы (ғылыми, ресми және басқа мәтіндер) және ойдан шығарылуы, көркемдігі (көркем әдеби, публицистикалық және басқа мәтіндер); тұтас және аралас мәтіндер. Функционалды сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмаларда оқушылардың мәтін стилі мен жанрларын, түрлерін ажырата білуін (білімін) тексеру міндеті қойылмайды. Оқу сауаттылығының негізгі міндеті шынайы өмірде кездесетін мәтіндермен танысу барысында оқушылардың ой елегінен өткізіп оқуы және кері байланыс жасай білуіне мүмкіндік беру.

Мәтіндер **төрт өлшем** бойынша қарастырылады:

- 1) ресурс көзі,
- 2) ұйымдастырылуы және навигация,
- 3) мәтін форматы,
- 4) мәтін түрлері.

Әр өлшемнің сипаттамасы төменде ұсынылып отыр.

Ресурс көзі


- Біреу: бір автор немесе бірнеше авторы бар, жарияланған уақыты көрсетілген, атауы немесе ресурс көзінің нөмірі берілген жалғыз мәтін.
- Бірнеше: автор(-лар)ы, жарияланған уақыты, атауы немесе ресурс көздері әртүрлі болып келетін бірнеше мәтін топтамасы.

Ұйымдастырылуы және навигация


- Статикалық: мәтіндердің компьютер бетінде орналастырылуы қарапайым форматта болады және аз көлемді навигациялық құралдардан (парақшаны жылжыту, парақшаларды ауыстыру) тұрады. Әдетте, мәтіндер тізбектеліп құрылған бір немесе бірнеше парақшада орналасады.

- Динамикалық: мәтіндердің компьютер бетінде орналастырылуы өте күрделі, олар тізбектелмей ұсынылады және көлемді навигациялық құралдардан (ішкі бет және сілтеме) тұрады.

1-суретте мәтіндердің статикалық және динамикалық тұрғыдан орналастырылуының үлгісі ұсынылған [5]. Сілтемеден навигациялық құралдар мен тапсырма үлгілерін көруге болады: <https://pisa2018-questions.oecd.org/platform/index>.



Мәтіннің статикалық тұрғыдан орналастырылуы



Мәтіннің динамикалық тұрғыдан орналастырылуы

1-сурет. Мәтіндердің орналастырылуы және навигация

Мәтін форматы

- Тұтас мәтін: абзацтар мен сөйлемдерден ғана тұратын мәтін.
- Тұтас емес мәтін: тізім, кесте, диаграмма, жарнама, график, каталог, индекс және басқа да формалардан тұратын мәтін.
- Аралас мәтін: тұтас және тұтас емес мәтіндердің элементтері кездесетін мәтін.

Мәтін түрлері

- Сипаттау мәтіні: қандай да бір заттың немесе нысанның белгілері мен қасиеттерін сипаттайтын ақпараттық мәтін. Сипаттау мәтіні «қандай?» деген сұраққа жауап береді. Мысалы, каталог, жолсілтемедегі белгілі бір жердің сипаттамасы немесе қандай да бір затты/нәрсені қолдануға қатысты сипаттама.
- Әңгімелеу мәтіні: белгілі бір уақытқа тәуелді нысандар туралы ақпараттық мәтіндер. Әңгімелеу мәтіндері «қайда?», «қай?» немесе «қандай тәртіппен?» деген сауалдарға жауап береді. Ұсынылатын мысалдар қатарына есеп, жаңалық, роман-дар, әңгімелер мен пьесалар енеді.
- Пайымдау (ойталқы) мәтіні: тұжырымдамалар мен ұсыныстар арасындағы байланысты көрсететін мәтіндер. Мұндай типтегі мәтіндер негіздеу және сендіру мақсатымен жазылады, сондықтан «неге?» деген сауалға жауап табуға болады. Олардың ішкі құрылымы көзқарастар мен пікірлерге негізделеді. Мұндай мәтіндерге редакцияға жазылған хаттар, постерлік жарнамалар, онлайн-форумдағы жарияланымдар, фильмдер немесе кітапқа арналған пікірлер жатады.
- Мазмұндау: түрлі элементтердің өзара байланысын түсіндіретін және «қалай?» деген сұраққа жауап беретін мәтіндер. Оларға ғылыми эсселер, диаграммалар мен трендік даму сызбалары не онлайн-энциклопедиялардың жазбалары үшін дайындалған концептуалды карталар жатады.
- Эпистолярлық (келісім, мәміле) мәтін: қандай да бір мақсатқа қол жеткізуге бағыт-

талған мәтін болып табылады, мәтін мазмұнында белгілі бір әрекетті орындауды өтіну, кездесу ұйымдастыру немесе бір-бірімен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсуге ұмтылыс жасау қамтылады. Мысал ретінде хат, электронды хат пен хабарлама (sms) мәтіндерін атауға болады.

- Нұсқаулық: не істеу және қалай жүзеге асыру керектігіне нұсқау беретін мәтін. Оған тағам рецептілері мен алғашқы көмекті қалай көрсету керектігін нұсқайтын суреттер топтамасы немесе бағдарламалармен қамтамасыз ету жұмыстары бойынша ұсыныстар жатады.

№1 кесте

Жоғарыда айтылғандарды бағдарламада көрсетілген мына оқу мақсаттары арқылы жүзеге асыруға болады:

Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Ақпаратты түсіну	5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау	6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру	9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу

3-компонент. Оқылым барысында қандай когнитивті үдеріс іске қосылуы тиіс?

Бір мәтінді немесе бірнеше мәтіннің қосындысынан тұратын ақпаратты оқу адамнан бірқатар ойлау үдерісін талап етеді. Ақпаратты қорытып, түсінудің реті мен логикалық тәртібіне сай жүзеге асуын көрсететін мұндай ойлау үдерісін тәжірибеде «когнитивті ойлау үдерісі» деп атайды. Когнитивті ойлау үдерісіне әдетте жадыны, назар аударуды, қабылдау мен түсінуді, ойлауды, шешім қабылдауды және әсер етуді жатқызамыз [4]. Қысқартып айтар болсақ, бұл – құзіреттілік пен білім, білік пен дағды. Оқылымның негізгі когнитивті үдерісіне ақпаратты іздеу, түсіну, бағалау мен кері байланыс жасау жатады.

Мәтіннен (мәтіндерден) ақпараттарды іздеу

- Мәтін бойынша қажет ақпаратты анықтау және табу – бір мәтінді көз жүгіртіп оқу арқылы сандық мәннен, сөз не бірнеше сөз тіркесінен тұратын қажет ақпаратты табу дегенді білдіреді.
- Тапсырмаға сәйкес келетін мәтінді таңдау не іздеу – ұсынылатын тапсырма мен сұраққа байланысты берілген бірнеше мәтіндердің ішінен ақпарат іздеу болып табылады.

Түсіну

- Тура мағынаны көрсету – қысқа үзіндінің немесе сөйлемнің тура мағынасын түсіну, әдетте абзацта немесе үзіндіде қамтылған ақпаратқа қатысты сұрақ бойынша ақпаратты тура немесе сол мағынасына жуықтатып салыстырмалы түрде перефразалап жеткізу.
- Кіріктіру және ой қорытындысын жасау – бұл мәтіндегі тура мағынада берілген ақпарат аясынан шығып, толық бір үзіндіде немесе бірнеше сөйлемде ұсынылған ақпаратты біріктіре білу білігі. Оқушыларға негізгі идеяны жазуды немесе қысқаша түйіндеме құрастыруды, болмаса үзіндіге ат қоюды міндеттеу – «біріктіру және қорытынды шығару» элементтеріне жатады.

- Әртүрлі дереккөзден алынған ақпараттарды кіріктіру, соның негізінде қорытынды шығару – бір немесе одан да көп мәтіндерге жүктелген ақпарат үзінділерін біріктіру болып табылады.

Бағалау және рефлексия

- Сапа мен дәйектілікті бағалау мәтіндегі ақпараттың дәйектілігін (шындыққа сай болуын), маңыздылығы мен нақтылығын, бейтараптылығын, сенімділігін бағалау болмақ. Мұндай тапсырманы орындауда оқырман тарапынан мәтін мазмұнын түсіну және оның дереккөзі туралы ой қорыту міндеті алға қойылады, басқаша айтқанда, мәтін формасын таңдау арқылы автордың ақпаратты жеткізу амалы талданады.
- Мәтіннің формасы мен мазмұны тұрғысында рефлексия жасау дегеніміз хат мәтінінің формасын бағалау (мәтін құрылымы, жанр және стильдік ерекшеліктері т.б.) болып табылады. Бұл орайда автордың мәселеге қатысты көзқарасы сөз болады. Мұндай тапсырманы орындау, әдетте, оқушыдан өзінің өмірлік тәжірибесін еске түсіріп, ойлануын талап етеді, осылайша ол түрлі көзқарастарды салыстырып, өз болжамын жасайды.
- Түрлі пікірлерді анықтап, қарастыру – түрлі мәтіндегі ақпараттардың бірін-бірі қостайтынын немесе бір-біріне қайшы келетінін анықтау, кереғар сипаттағы мәтіндер ұшырасқан жағдайда мәселенің шешімін табу болып табылады. Мұндай тапсырмалар ұсынылған жағдайда оқушылардан авторлардың бір-бірімен қаншалықты келісіп отырғанын немесе әр автордың ұстанатын позициясының ерекшелігін тауып айтуды сұрауға болады. Ал оқушыларға осыдан өзге тапсырмалар беру кезінде ақпараттың шынайылығына көз жеткізуді немесе нақты мәселені өзге дереккөздерден алынған ақпараттармен дәлелдеуді, оны дәйегі әлсіздеу ақпаратпен салыстыра талдауды тапсыруға болады.

Оқылым стратегиялары мен амалдары

Оқылымды өнерге теңеуге болады. Ал кітап оқу – білім алудың жолы. Кітап оқу кезінде оқырман автор нұсқауына бағынады. Осы тұрғыдан алғанда оқылымның бірнеше стратегиялары мен амалдары бар.

А) Қарапайым оқу. Бұл кезде оқушылар PISA-да көрсетілген 1-деңгейлі тапсырмаларды орындайды. Демек, оқушыларға мәтінді терең түсіну талабы қойылмайды.

Ә) Тексеріп оқу. Мұнда оқушылар мәтінді тез сүзіп оқиды (skimming). Мәтіннің тақырыбына, оның кіріспе тұсына, мазмұны мен индексіне, шағын аннотациясы мен қорытынды бөлігін оқуға дағдыланады. Оқушылар мәтіннің негізгі құрылымы мен негізгі ойын ұғуға тырысады.

Б) Аналитикалық оқылым. Осы деңгейдегі оқылым оқырмандар (оқушылар) үшін әжептәуір күш салуды талап етеді. Себебі мұнда ақпараттар мен жарнамаларды талдай оқу міндеті қойылады. Оқушылар кітап мазмұнының қалайша ұсынылғанын талдап айтады. Оқыған кітаптың қандай міндетті арқалайтыны сөз етілуі қажет.

В) Синтопикалық оқылым немесе салыстыра оқу. Бұл оқылым тапсырмаларының ішіндегі күрделі түріне жатады. Осы орайда оқушылар бірнеше мәтінді салыстыра оқиды. Демек оқушылар мәселеге қатысты бірнеше мәтін мазмұнын оқып, көзқарастарды салыстырады.

Г) Шапшаң оқу. Оқылымның бұл түрінде шапшаңдықпен қоса ынта қойып оқу талап етіледі. Оқырман оқыған мәтіннен көп салалы ақпарат алатын болады. Уақытпен жарысып оқу техникасында визуализация ерекше рөл атқарады. Мәтін ақпаратымен қоса сурет те ұсынылуы мүмкін.

Төмендегі кестеде оқылым стратегияларын қолдануға қатысты бағдарламадағы оқу мақсаттары әр сыныпқа сай нақты көрініс табады.

Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
6. Оқылым стратегияларын қолдану	5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу	6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу	7.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу	8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу	9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу

Мәтінді түсіну стратегиялары

1. Түсінуді бақылау: оқушы өзінің түсінгенін төмендегідей үлгіде бақылай алады:

- а) қай жерде қиындықтар кездескенін айта алады;
- ә) түсінуге қиын болған тұсқа қайта оралады;
- б) оқу барысында қиналған тұсты өз сөзімен баяндайды.

2. Ойлану:

- а) нақты оқылым материалын игергенін анықтауға;
- ә) түсінгенін дамытуға көмектеседі (мысалы, суретке сүйеніп оқиғаны дамыта баяндау).

3. Сөздік қорды дамыту:

- а) мәтінді оқыған адам сөздерді оқиға кезеңдеріне сай ретімен орналастырады;
- ә) көлемді шығармаларды оқи отырып, актив әрі пассив сөздік қорды дамытады;
- б) сыныпта дауыстап оқу да сөздік қорды молайта түседі.

4. Сұрақ қою және сұраққа жауап беру.

Бұл жағдайда оқушылардың білімі оқыған мәтініне қатысты ашық немесе жабық сұрақтар қоя білуімен өлшенеді. Оқыған ақпаратын жете түсінген оқушы ғана өз сұрағы арқылы мәтіннің ең маңызды тұсын нұқып көрсете алады.

5. Негізгі ойды анықтау:

- а) егер оқушы негізгі идеяны анықтап, қолдаушы детальдарды көрсете алса, онда мәтінді түсінді деп есептеуге болады;
- ә) негізгі идея кейде параграфтың басында беріледі, ал қолдаушы детальдар негізгі ойдан кейін ұсынылады.

6. Кейіпкерлерді талдау:

- а) кейіпкерлерді талдау бағалау үдерісіне жатады;
- ә) егер оқушы мазмұнды жақсы түсінсе, кейіпкердің сырт-келбетін, тұлғасын сипаттап, мінезін талдап береді.

7. Туыстық қарым-қатынасты талдау:

- а) оқушылар жазбаша жұмыста кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасын сипаттап жазады;
- ә) кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау жасайды, себебін түсіндіреді.

8. Қорытынды шығару (inferring):

- а) оқушы оқыған шығармасында автор тарапынан ешбір аталмаған ақпаратты тауып айтуы мүмкін;

ә) оқушы мәтіннен негізгі ойларды, оқиғаларды тауып және оны өз ой елегінен өткізу арқылы қорытып, мәтіндегі жасырын ақпаратты таба алады.

9. Қорыту:

а) қорытындылау стратегиясына кез келген мәтін ақпаратын түсіну арқылы қол жеткізіледі. Оқушы оқыған мәтінінің негізгі түйінін жазбаша нақты жеткізеді.

10. Бағалау:

а) оқушы белгілі бір бастаманы бағалап, кері байланыс жасайды, болашақты өзгертуге қатысты өз пікірін білдіреді;

ә) оқушы мәтіннен негізгі ойларды, астыртын оқиғаларды тауып, ұсыныстар айтады.

II. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚ

Қазақстандық оқушыларға қандай дағды жетіспейді?

PISA-2012 халықаралық зерттеу нәтижесі бойынша Ұлттық есепте былай деп көрсетілген болатын: «біздің оқушыларымызда жеке өмірлік позициясын таңдау барысында ой еркіндігі мен ынтасын білдіру қабілеті әлі де толық қалыптаспаған. Оқыту процесінде оларға қоғамдық және жеке міндеттерді шешуге арналған өмірлік жағдаяттар мүлдем ұсынылмайды. Қазақ тілі және орыс тілі пәндері бойынша оқулықтардың басым бөлігі көркем әдебиет үзінділерін ғана ұсынады. Қазақстандық оқушылар үшін нұсқаулық, жарнама, жұмысқа қабылдау сауалнамасы секілді ресми стильдегі мәтіндер таныс емес болып шықты» [7].

Ескере кететін жайт, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары оқушылардың жоғарыда аталған қажетті дағдыларының орнын толықтыруға, яғни оқылым және жазылым дағдыларын әлеуметпен қарым-қатынасқа түсу барысында қолдана білу қабілеттерін дамытуға және қалыптастыруға бағытталған. Сауаттылықтың бұл деңгейі оқушыға сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсуге және анағұрлым тез бейімделе білуге, сол ортада қызмет жасауға жағдай туғызады. Бұрынғы оқу бағдарламалары аталған дағдылардың толық қалыптасуына мүмкіндік бермейтін, бұған халықаралық PISA зерттеулерінің нәтижелері дәлел болып отыр.

Тілдік пәндер бойынша жаңартылған білім беру бағдарламалары оқушылардың кең спектрлі когнитивті дағдыларын дамытуға бағытталған. Олар:

- **функционалды сауаттылық** (әлеуметтік қарым-қатынас пен қызметтегі міндеттерді шешу үшін білім мен дағдыларды қолдана білу);
- **сыни ойлау** (негізгі және қосымша ақпаратты ажырату, факті мен пікірді тексеру, астарлы ойды түсіну, мәтіндерді салыстыру);
- **медиасауаттылық** (БАҚ-та берілген ақпараттарды таба білу және сыни тұрғыдан бағалау, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды салыстыру);
- **тілдерді практикалық тұрғыда меңгеру** (алуан түрлі бағыттағы ауызша және жазбаша мәтіндерді түсіну және құрастыру, ауызша және жазбаша мәтіндердің мазмұнын талдау және бағалау, таныстырылым дайындау, көпшілік алдында сөйлеу);
- ауызша және жазбаша мәтін құрау барысында **әдеби тіл нормаларын (грамматика, орфография, пунктуация) сауатты қолдана білу**;
- **әртүрлі жанр мен стильдегі мәтіндер мен ақпарат түрлерін** (мәтіндік, графикалық, сандық т.б.) салыстырмалы талдау (ауызекі сөйлеу, ресми-іскери және т.б. стильдерді жағдаятқа сай қолдана білу, сөздік қорын байыту, соның ішінде академиялық, тұтас емес мәтін түрлерімен (диаграмма, кесте, график) жұмыс істеу т.б.);
- **академиялық адалдық** (өздігінен мәтін құрастыру, плагиат жасамау; өз жұмысын жоғары деңгейде дайындауға ұмтылу; автор жұмысына сілтеме жасау арқылы авторлық құқыққа құрмет көрсету; өз ісі үшін жауапкершілік алу; өзгелердің идеясын бағалау);

- **ынтымақтастық** (топта бірлесіп өнім дайындай білу; топтық жұмыста өз міндетін атқару; өзгелердің пікірін тыңдау; топтың мүддесін ескеру, мақсатқа бірлесе отырып, қол жеткізу).

Пән бойынша оқу бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру үшін әдістемелік қолдау ретінде әр сыныпқа арналып оқу жоспарлары дайындалды. Оқу жоспарларында оқушылардың коммуникативтік дағдылары мен функционалды сауаттылықтарын арттыру үшін түрлі әдістемелік материалдар берілді.

«Қазақ тілі» пәнінен 9-сыныпқа дайындалған «Оқу жоспарында» оқылым материалдарымен жұмыс жүргізу кезеңдері туралы мынадай ақпарат ұсынылды:

Оқылымалды тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалардан құралады. Бұл кезеңде таныс емес сөздерді алдын-ала үйретуге, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қоюға болады.

Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалардан (сұрақтар) тұрады. Алғашқы тапсырмалар мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі тапсырмалар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпаратқа байланысты талқылау сұрақтары ұсынылады. Мұндағы сұрақтар жаңа сөздерді қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіруге бағытталады. Сонымен қатар, сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланыстырылып, жан-жақты талқылауға мүмкіндік бере алатындай құрылуы керек.

Осы оқу жоспарында «Жаһандану мәселелері» атты тарауда төмендегідей тапсырма үлгісін көруге болады.

Ақпаратты түсіну	9.2.1.1 Тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу	Оқылымалды тапсырма Мәтінді оқытпас бұрын мұғалім оқушыларға оқылым мәтініне қатысты сұрақтар қою арқылы олардың назарын тапсырмаға аударады. – Қазіргі уақытта жаһандану қоғамның қай саласында кеңінен көрініс табуда? – Жаһанданудың адамның күнделікті тұрмысына әсері бар ма? – Жаһанданудың әсері деп қандай мысалдар келтірер едіңдер? Оқылым тапсырмасы Мәтіндерге мұқият зер салып оқып шығыңдар. Негізгі ақпараттарды салыстырыңдар. 
--------------------------------	---	---

		 Оқылым мәтінінен кейінгі тапсырма Алғашқы мәтінде қандай ақпараттар берілген? Ал екінші мәтінде ше? Екі мәтінде қандай ортақ ақпараттар кездеседі? Мәтіндердегі ақпараттарды қазіргі кездегі мәліметтермен салыстырып толықтырыңдар. Мәтіндерге қосымша ақпарат қосу арқылы өңдеп, өзгертіңдер.
--	--	---

Оқу сауаттылығы «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасында қалай көрініс тапқан?

PISA бойынша тест құрылымына тоқталар болсақ, ол негізінен оқырмандық қабілеттің үш түрінен құралады: қажетті ақпаратты тауып, мәтіндегі жалпы мәнмәтіннен ажырата білу, мәтіндегі жалпы ойды түсінгендігін көрсету, мәтіндік ақпараттың мазмұны мен формасы бойынша өз көзқарасын білдіру.

Жалпы функционалды сауаттылыққа бағытталған тест оқырмандық құзыреттіліктің алты деңгейін қамтиды. Оқырмандық құзыреттілік деңгейлері қарапайым (1) тапсырмалардан бастап, оқушылардың ең жоғары құзыреттілігін бағалайтын күрделі тапсырмалардан тұрады. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасында алты деңгейдің құзыреттіліктерін қамтитын дағдылар жүйесі оқылым бөлімінде оқу мақсаттары арқылы ұсынылған.

1-деңгей сипаттамасы

Деңгейлердің сипаттамасы	Бұл деңгейде білім алушылардан мәтін мазмұны мен жалпыға түсінікті күнделікті тұрмыстағы тәжірибе (білім) арасындағы байланысты орнату талап етіледі. Мәтіннің басты тақырыбын немесе таныс тақырыпқа қатысты мәтін жазған автордың мақсатын анықтайды. Оқырманға көмек ретінде берілген ақпаратпен жұмыс істей біледі.
Бағдарламадағы оқу мақсаты	– 6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру; – 9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу.

1-деңгей тапсырмасында оқушылар үшін көлемі шағын, сөйлемдері жеңіл, оқушының тұрмыс-тіршілігімен үндесетін мәтін оқуға ұсынылады. Мәтін тұсында көп жағдайда қолдау көрсетерлік сурет ұсынылады.

Төменде мәтінге негізделген бірнеше тапсырмалар легі ұсынылған. Олардың бастапқылары (1, 2-тапсырмалар) тым жеңіл тапсырма ретінде берілген. Оқушылар мәтінді оқымай-ақ, суретке қарап, сұрақтарға жауап бере алады. Ал 3, 4-тапсырмалардың айтарлықтай күрделенетінін байқауға болады. Мұнда оқушы нақты сұраққа жауап беретін сөйлемдерді тауып, оны перефразалап немесе төлеу сөзге айналдыру сынды амалдарды қолданып, жауап жазуы тиіс. Осы орайда анықтау және бағалауға арналған тапсырмаларды беруге болады.

Тапсырма

1-мәтін

Жаһандық жылынудың алдын алуға арналған жобалар

Қазір жаһандық жылыну дүние жүзінің басты мәселесіне айналып отыр. XX ғасырға қарағанда ауа райы орташа 0,74 градусқа көтерілген. Шамамен XXI ғасырдың соңына дейін сауықтыру шаралары қарастырылмаса (өндіріс қоқыстары азайтылса, орман көлемі көбейтілсе), онда ауа райының орташа температурасы 4 градусқа дейін артады. Соның нәтижесінде мәңгі мұздықтар еріп, теңіз жағалауындағы қалалар су түбіне батып, адам өлімі жиілеп, табиғи апаттар күрт артады.

Сарапшылардың айтуынша, жаһандық жылынуды жеңіл-желпі әдістермен тоқтата алмаймыз. Қатердің алдын алу үшін Жер шарын жасанды жолмен суыту тәсілдері қарастырылып жатыр.

Бірінші: Стратосфера қабатына химиялық қоспа шашу.

Ең көп мақұлданып жатқан жоба Гарвард университетіне тиесілі. Гарвард және Йель университеті ғалымдары жаһандық жылынудың алдын алу үшін Күн сәулесінің Жер шарына түсуін азайту керек екенін жазған. Ол үшін стратосфера қабатына химиялық қоспа шашу ұсынылған. Бұл ұсыныс аясында 20 шақырым биіктікке сульфаттар қоспасын шашу қарастырылған. Бірақ ғалымдардың пікірінше, үлкен көлемдегі химиялық қоспаларды шашатын ұшақ әзірге жасалмаған. Ғалымдар бұл бағдарламаның іс жүзінде жүзеге асатынына күмәнмен қарайды. Себебі, сульфаттарды стратосфера қабатына шашқаннан кейін ауа райы қалай өзгертетінін ешкім де дөп басып айта алмайды. Ғалымдар химиялық қоспаның ауа қабатына керісінше әсер етіп, Жер бетінде құрғақшылық пен басқа да табиғи апаттар көбейіп кететініне де алаңдаулы.

Екінші: Жасанды бұлт

Вашингтон ғалымдары жасанды бұлттарды аспанға шығару жолдарын ұсынды. Олар арнайы жабдықты пайдаланып, атмосфераның жоғарғы қабаттарына секундына бірнеше триллион жылдамдықта ұшатын бөлшектерді шашыратудың жолдарын жасамақшы. Есептеулер көрсеткендей, жасанды түрде пайда болған бұлттар күн сәулелерін тосады, бұл орташа температураның төмендеуін қамтамасыз етеді.

Үшінші: Арктика мұздығына тұщы су шашу

Тағы бір жоба бойынша Арктика мұздары еруінің алдын алу қарастырылған. Арктика мұздықтары айна сияқты болып, мұхиттардың қызып кетпеуі үшін күн нұрын қайтарып тұрады. Ғалымдар Солтүстік Мұзды мұхитының үстіне тұщы су шашу арқылы мұз көлемін арттыруды көздеп отыр. Себебі тұщы су тез қатады.

Төртінші: Ғарыштағы үлкен қолшатыр

Ғалымдар жаһандық жылынуға ғарыш арқылы да қарсы тұрмақшы. Америкалық астроном Роджер Энжельдің идеясы бойынша, ғарышта 16 триллион кремний шеңберлерінен құралған өте үлкен қолшатыр құру керек екен. Ол Күн сәулесін басқа жаққа бұрып жіберуге өз септігін тигізеді.

Бесінші: Жасанды серіктерді көбейту

Энжельдің тағы бір ұсынысы – Жер айналасындағы жасанды серіктерді көбейту керек.

Жасанды серіктер көп болған сайын олар бір-біріне жақын орналасып, Жер бетіндегі 300 миллион гектардай аумаққа көлеңке түсіреді екен.

Жоғарыда айтып өткен жобалардың «қанша қаражат кетеді, зиянды-пайдалы тұстары қандай?» сынды бірнеше сұрақтардың жауабы іздестіріліп, жан-жақты зерттелгеннен соң ғана біреуі таңдап алынады.

<https://massaget.kz/layfstayl/alemtanu/syrly-alem>

1-тапсырма. Берілген мақаланың басты ойын анықта.

- A. Жаһандық жылырудың салдары туралы хабар дайындау.
- B. Жобаларға кететін қаржы көлемін жариялау.
- C. Жаһандық жылырудың алдын алу жолын қарастыру.
- D. Жер шарын жасанды жолмен суыту тәсілдерінің тиімділігін жеткізу.

2-тапсырма. Мақала авторы халықтың назарын жаһандық жылыну мәселесіне аударуға тырысты. Қалай ойлайсыңдар, бұл оның қолынан келді ме? Өз жауабыңды осы мақаланың жазылуына, мәтіндердің орналасуына, стиліне сүйеніп түсіндір.

3-тапсырма. Мақалада мынадай ақпарат берілген: Ғалымдар бұл бағдарламаның іс жүзінде жүзеге асатынына күмәнмен қарайды. Себебі ...

- A. Химиялық қоспа ауа қабатына жағымды әсер етеді.
- B. Сульфаттарды стратосфера қабатына шашу қиынға соғады.
- C. Химиялық қоспаларды шашатын ұшақ әзірге жасалмаған.
- D. Химиялық қоспа ауа қабатына кері әсер етуі мүмкін.

4-тапсырма. Мақалада берілген жобалардың қайсысы қаражат жағынан және тиімділігі жағынан мақұлданады?

2-мәтін

Ыбырай Алтынсарин. «Әке мен бала» (әңгіме)

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, – деді. Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.



Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірден алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды.



Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты:

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің.

massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/41805/

1-тапсырма. Мәтіннен суреттерді алып тастаған жағдайда, қандай мәліметтер айтылмай қалады? Ол мәліметтердің әңгіме мазмұны үшін маңызы қандай?

2-тапсырма. Берілген тұжырымға қатысты өз көзқарасыңды білдіріп, ойыңды дамытып жаз.

Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен құр боласың, - деді.

2-деңгей сипаттамасы

Деңгейлердің сипаттамасы	Оқушылар мәтіндегі басты идеяны анықтайды, мәтін ішіндегі өзара байланысты түсінеді немесе орта көлемді мәтіннің құрылымын ажырата біледі. Мәтіннің белгілі бір ерекшелігіне негізделген қарама-қайшылықты анықтайды немесе салыстырады. Мәтінде сипатталған шындыққа қатысты өзінің жеке көзқарасын білдіреді және өз тәжірибесіне сүйеніп, мәтін мен мәтіннен тыс білім арасында (фондық білім) байланыс орнатады немесе салыстырады.
Бағдарламадағы оқу мақсаты	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; 8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау.

2-деңгейге жақын немесе нақты 2-деңгей тапсырмасы ақпараттарды интеграциялау және түсіндіру мақсатында ұсынылады. Оның күрделілік деңгейін түсіндіру мақсатында төменде ұсынылған тапсырма түрлеріне назар аударыңыз. Осы деңгейде интеграцияға немесе интерпретацияға арналған тапсырмалар жиі беріледі.

3-мәтін

1-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерді оқы. Оқиғаларды ретімен орналастыр.

Данышпанның сыны ■
Сараңның ақыл сұрап келуі ■
Айнаның сыры ■
Алақан жайған тіленші ■

2-тапсырма. Данышпан сараңға қандай ақыл айтуы мүмкін? Екі оқырманның пікірімен келісесің бе? Ойыңды дәлелде.

Сараң мен данышпан

Бірде өте бай әрі сараң адам данышпанға келіп ақыл сұрайды.

Данышпан байды терезенің алдына ертіп келіп:

– Терезеге қара, не көріп тұрсың? - деп сұрайды.

– Жолдан ары-бері өткен жүргіншілерді және жолдың шетінде алақан жайып, қайыр тілеп отырған адамды көріп тұрмын, - деп жауап береді бай.

– Данышпан басқа бөлмеге кетіп, үлкен бір айнамен оралады да сараңнан:

– Ал бұл айнадан не көріп тұрсың? - деп сұрайды.

– Өзімді.

– Көрдің бе, айна да, терезенің әйнегі де бір зат, яғни шыныдан жасалған. Бірақ айнаның үстінде жұқа күміс қабаты бар. Сол себепті өзіңнен басқаны көре алмайсың. Дәл сол секілді, асылында адамның жүрегі де мөлдір. Алайда алтын-күміс секілді дүние әшекейлерімен жүрегімізді қаптасақ, өзімізден басқа ешкімді көре алмаймыз, яғни берер ақылым ...

<https://asyldin.kz/article/view/id/576.html>



Данышпан сараң адамға жүрегіңді тазала деген кеңес береді. Өйткені оның көзін байлықтан шел басқан.

Данышпан байға дүниесінің бір бөлігін мұқтаж жандарға ұсынып, қайырымдылық жаса деді.



3-тапсырма. Сараң данышпаннан қандай ақыл-кеңес сұрап келуі мүмкін?

4-мәтін

Қан доноры

Кім донор бола алады?

Жасы 18-ге толған, донорлыққа қарсы белгілері жоқ, салмағы 50 кг-ден артық кез келген дені сау адам донор бола алады. Ерлер жылына 5 рет, әйелдер 4 рет қан тапсыра алады.

Дәрігердің тексеруінен өту

Қанды тапсырар алдында адам терапевтің қабылдауы мен алдын ала медициналық зерттеуді қамтитын тексеруден өтеді. Қан тапсырушы адамның дене температурасы 37 °С-тен жоғары болмағаны дұрыс.

Егер сізде төменде келтірілген тізімге кірмеген аурулар болса немесе қандай да бір дәрілерді қабылдайтын болсаңыз, бұл туралы дәрігерге айтыңыз. Өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, дәрігерден жасырмаңыз, сауалнама сұрақтарына шынайы жауап беріңіз.

Дәрігердің тексеруі, қан тапсырушы адам мен дәрігердің әңгімесі – қан тапсыру алдындағы міндетті шаралар.

Қарсы жағдайлар

Қан тапсыруға болмайтын белгілі бір жағдайлар бар. Егер қан тапсыратын адам жуық арада белгілі бір аурумен ауырса, оған ота жасалса немесе жақын арада шет елге барған болса, онда ол донорлықтан уақытша немесе мүлдем шеттетіледі.

Егер адам бойында ЖРІА инфекциясы, мерез, вирустық гепатиттер, туберкулез, қан аурулары, онкологиялық аурулар және тағы басқа осы сияқты күрделі аурулар болса, мұндай жағдайда мүлдем қан тапсыруға болмайды.



<https://spct.kz/donoram?lang=kz>

1-тапсырма. Кімдер қан доноры бола алмайды?

- а) жасы 18-ге толған
- ә) салмағы 50 кг-ден артық
- б) соңғы бір аптада тіс жұлмаған
- в) бір жыл бұрын татуировка жасатқан

2-тапсырма. Донорлықтан уақытша немесе мүлдем шеттету үшін қандай негіз бар?

- а) тұрғылықты жерінен басқа қалаға ауысу
- ә) үш ай бұрын тұмаумен ауыру
- б) онкологиялық ауру белгілері жоқ
- в) шет елдерге бару

3-тапсырма. Әр адам қанша көлемде қан тапсыра алады?

- а) 350 мл
- ә) 50-100 мл
- б) 500 мл
- в) 450 мл

4-тапсырма. Қан тапсырушы бесінші рет донор боламын десе, оған қандай жауап берілуі мүмкін?

3-деңгей сипаттамасы

Деңгейлердің сипаттамасы	Оқушы ақпараттың кейбір бөліктеріндегі байланысты анықтайды және талдайды. Мәтіннің бірнеше бөліктерін өзара байланыстыру арқылы негізгі идеяны анықтайды. Оқырманның күткеніне сай келмейтін және қарама-қайшы ақпараттарды қамтитын мәтінді ой елегінен өткізеді. Жалпыға мәлім және күнделікті білім негізінде мәтінді түсінгенін көрсетеді.
Бағдарламадағы оқу мақсаты	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру. 9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау.

Графиктік мәтін 1-4 деңгейлік тапсырмаларда да жиі кездеседі. Бұл тапсырма арқылы берілген ақпараттарды интеграциялауға және интерпретациялауға үйренеді.

Тапсырма

5-мәтін

1-тапсырма. Диаграммамен берілген сипаттау мәтінінің мазмұны мен тақырыбына қарап, мәтінде қандай мәселе көтерілгенін анықта.

- а) табиғи аймақтың ерекшелігіне қарай су айналымы
- ә) құрғақшылықтың алдын алу
- б) су тапшылығы
- в) елді мекендердегі су тасқынының салдары

Су топырақ пен түпнегіз тау жыныстарына әртүрлі дәрежеде сіңіп кете алады. Жерге түскен жауын-шашын булану немесе ағын суларға қосылу салдарынан табиғи айналысқа түседі. Төменде берілген кестеде табиғи аймақтың ерекшелігіне қарай судың инфильтрациялану межесі көрнекі сипатталады.

Инфляция – судың жер бетінен топырақ пен түпнегіз тау жыныстарына сіңуі. Түскен жауын-шашыннан буланған және ағып кеткен мөлшерін алып тастағанда қалатын шамамен өлшенеді.



2-тапсырма. Ірі өнеркәсіпті аймақта жер қойнауына (топыраққа) сіңетін су көлемі неліктен 5 пайызды құрайды?

3-тапсырма. Қалалық елді мекендегі су айналымын табиғи деңгейге жуықтату үшін қандай амал ұсынар едің?

6-мәтін

Сырттағы қазақстандықтар

БҰҰ мәліметінше, 2019 жылдың алғашқы алты айында Қазақстаннан 18,6 мың адам көшіп кеткен. Қазіргі таңда Қазақстанда туған 3,9 млн адам шетелде өмір сүріп жатыр. Бұл қазақстандықтардың 22 пайызы. Қарапайым тілмен айтқанда әрбір бесінші қазақстандық шетелде жүр. Шетелге кетушілердің пайыздық көрсеткіші жағынан еліміз Сириядан кейін әлем бойынша екінші орында. Сирияның 6,2 млн тумасы қазір шетелде тұрып жатыр. Бұл ел халқының 33 пайызы. Ал сыртқа көшіп кеткендердің жалпы саны бойынша Қазақстан әлемде 15-ші орында.

Қазақстанда туып, шетелде өмір сүріп жатқан 3,9 млн мигранттың 3,8 млн-ы Еуропада, 76,8 мыңы Азияда, 44,4 мыңы Солтүстік Америкада, 3,1 мыңы Африкада, 2,2 мыңы Мұхит елдерінде, 100-і Латын Америкасы мен Кариб бассейніндегі мемлекеттерде өмір сүріп жатыр екен. Жекелеген елдер бойынша Ресейге 2,5 млн адам кетсе, Германияға 940,3 мың адам және Украинаға 224,4 мың адам кеткен.

Алтынай

Әлемдік миграция ахуалы

Миграция жөнінен Үндістан бірінші орында тұр. Бұл елдің 15,9 млн тумасы шетелде тұрып жатса, Мексиканың 12,5 млн азаматы көшіп кеткен. Үшінші орынды Ресей иемденеді. Бұл елдің де 10,4 млн тумасы шетелге қоныс аударған. Қытай, Бангладеш және Сириядан тиісінше 9,7 млн, 7,2 млн және 6,2 млн адам көшіп кеткен. Пәкістан, Украина мен Филиппинде туған 5,4-5,9 млн адам шетелде тұрып жатыр. Ал Ауғанстан, Ұлыбритания мен Польшада туған азаматтардың шамамен 4-5 млн-ы елдерінен тыс тұрып жатыр. Германия мен Индонезияның 4 млн азаматы қазір шетелде жүр. Келесі орында Қазақстан, оның 3,9 млн тумасы қазір шетелде тұрады. Жалпы БҰҰ мәліметінше, қазіргі таңда 200 млн-нан астам азамат өз Отанынан түрлі себептермен шетелге қоныс аударған. Қазақстандағы сыртқы миграция 4 млн-ға жуық екенін ескерсек, әлем бойынша мигранттардың 2 пайызының Қазақстан тумасы екеніне көз жеткіземіз.

Максим

1-тапсырма. Екі мәтіндегі ортақ мәселені тап.

- a) Еуропадағы миграциялық үдерістер
- b) Әлемдік миграция ахуалы
- c) Қазақстандағы сыртқы миграция
- d) Мемлекет азаматтарының шетелге көшу себептері

2-тапсырма. Максим неліктен әлем елдеріндегі ахуалды сөз етеді?

3-тапсырма. Шетелге көшіп жатқан қазақстандықтардың жасы мен жынысына қатысты болжам жасап көр.

4-тапсырма. Адамдар неліктен шетелге көшкісі келеді? (Толық емес жауап қабылданбайды. Тапсырмаға нақты, сенімді жауап беру талап етіледі).

Үлгі:

Өз елінде қыспақ көрген адамдар ғана шетелге көше алады.
Шетелге көшкен адамдар негізінен жұмыс іздейді.
Адамдарды дамыған елдердің өмір сүру деңгейі қызықтырады.

5-тапсырма. Екі мәтін авторларының қайсысы миграция мәселесін толық қарастыра алған? Мәтіндерге сүйене отырып, жауабыңды дәлелде.

4-деңгей

Деңгейлердің сипаттамасы	Толық түрде берілмеген ақпараттың кішігірім бірліктерін табады және байланыстырады. Мәтіннің толық мазмұнына сай кейбір тілдік ерекшеліктерді түсіне алады. Мазмұны мен форматы таныс емес көлемді әрі тілі күрделі мәтіндерді түсінеді. Мәтін бойынша болжам (гипотеза) жасайды және баға беру үшін мәтіндегі ақпарат пен нақты білімді пайдаланады.
---------------------------------	---

Бағдарламадағы оқу мақсаты	– 8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау; – 9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу.
-----------------------------------	--

3-4 деңгейлі тапсырмаларда мәтінде берілген ақпаратты анықтау және бағалау мақсаты көзделеді. Көп жағдайда мәселенің артықшылығы мен кемшілігі салыстырыла бағаланады. Оқушыларға ұсынылатын ақпараттық мазмұн олардың өмір сүру жағдайына, салтына, дәстүріне қатысты болады. Ондағы мақсат – оқушының қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді жатсынбай, социумның өкілі ретінде үн қоса алатындығына көз жеткізу.

Тапсырма

7-мәтін

Шайдың пайдасы мен зияны		
Тірек сөздер:	1-баған Шайдың пайдасы	2-баған Шайдың зияны
• шайдың тұнбасы • қара шай • көк шай • емдеу • зақымдану • ас қорыту • ішу • тұтыну • шайдың зияны • шайдың пайдасы	* Көк шайдың қою тұнбасы денедегі сыртқы жараларды, тіпті жүйелі пайдаланған жағдайда асқазан мен аш ішек жараларын жазады. * Көк шай тұнбасы қан қысымын түсіреді. * Тіл ойылғанда, экземаға, теріге жарақат түскенде, іріңді жараларға ем ретінде қолданылады. * Кешегі шаймен көзді сүртсе, қызарғаны басылады. * Шай түрлі бактерияларды өлтіре алатын күшке ие. Негізінен, ол – сүзек, дизентерия тәрізді аса қауіпті бактерияларды жояды. * Шай қан құрамын, жүрек жұмысын жақсартады. * Шай бүйрекке тас байлануын болдырмайды. * Шай тұнбасындағы Р дәрумені адам ағзасына С дәруменінің жақсы сіңуіне көмектеседі.	* Шайды аш қарынға ішпеңіз. Ас қорыту жолындағы ішкі мүшелер шайдың кесірінен зақымдануы мүмкін. * Шайды өте ыстық кезінде ішуге болмайды. Ыстық шай ауыз бен жұтқыншақты, ас қорыту жолдарын күйдіреді. * Бұл сусынды суып қалған күйінде де ішуге болмайды. Ондай шайдың кесірінен қақырық тұрып қалуы мүмкін. * Шайды тым ащы қылып ішпеңіз. Ол денсаулыққа зиян. Егер түнде ішсеңіз, ұйқыңыз келмей, басыңызды ауыртуы мүмкін. * Дәрі-дәрмек қабылдаған кезде шай ішуші болмаңыз. Себебі шай дәрінің күшін жояды. * Шайды тамақтан алдында немесе тамақтан кейін ішуге болмайды. Тамақ пен шайдың арасы 20-30 минуттай болуы керек.

	* Ал С дәрумені жетпеген адамға көк шай ішу қажет. Көк шайды дұрыс пайдалана білген адам ерте қартаймайды.	* Шай тұрып қалса, оны ішуге болмайды. Негізінде, шай демдегеннен 20-30 минуттан кейін өзінің құрамындағы заттарымен қышқылдану процесін бастайды. * Шайды көп мөлшерде ішуге болмайды. Қара шайды көп пайдаланудың зияны бар. Сондықтан күнделікті қалыпты мөлшерді сақтаған жөн.
--	---	--

<https://qamshy.kz/article/8953-shaydynh-paydasy-men-ziyany>

1-тапсырма. Мәтінде тірек сөздер қандай мақсатта берілген?

2-тапсырма. Шай туралы 1-бағанда берілген мәліметтер бойынша тұжырым жаса.

3-тапсырма. Шай туралы 2-бағанда берілген мәліметтер бойынша тұжырым жаса.

4-тапсырма. Шай пайдалы ма, әлде зиян ба? Қай тұжырыммен келісесіз? Бір-біріне қарама-қайшы екі пікірдің бірін қолдап, өз ұстанымыңды дәлелде.

5-тапсырма. Төменде берілген мәлімет қай бағандағы оймен сәйкес келеді?

Алғашқы рет демдеген шайдағы пайдалы заттардың жартысына жуығын алсаңыз, екінші рет демдегенде 30%, үшінші рет демдегенде 20%, ал, одан кейінгісінде 10% пайдалы заттарды ала аласыз.

- a) Бірінші бағандағы оймен сәйкес, бірақ дәлелсіз пікір.
- b) Бірінші бағандағы оймен толықтай сәйкес келеді.
- c) Екінші бағандағы оймен сәйкес, бірақ дәлелсіз пікір.
- d) Екінші бағандағы оймен толықтай сәйкес келеді.

5, 6-деңгейлер

Деңгейлердің сипаттамасы	Жасау жолын анықтау арқылы ақпаратты жинақтайды. Академиялық білімге сүйене отырып, мәтінді ой елегінен өткізеді. Таныс емес мәтінді түсінеді және интерпретация жасайды. Ұғымдарды түсінеді және оны ажырата білу күтіледі. Мәтін логикасы мен тілдік ерекшелігін түсіне алады. Нақты білімге немесе тұжырымдамаға сүйеніп, болжам (гипотеза) арқылы бағалайды және сыни талдайды.
Бағдарламадағы оқу мақсаты	9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; 9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; 9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу.

Тапсырма

8-мәтін

Шахмардан Құсайыновтың «Томирис» драмасы Жетінші көрініс

Сақтар мен парсылардың ұрысын бейнелейтін би.

Шайқастан соңғы дала. Жаралылардың ыңыранған дауыстары, аттардың шұрқырай кісінескені естіліп тұр. Томирис жалғыз. Тайпа көсемдері мен сарбаздар оған жақындап келеді.

Көсем: Тақсыр, парсылар талқандалды!

Томирис: Бұл жеңіс қасіретпен парапар, қаза тапқандарың қаншама!..

Сарбаз: Есебіне жетіп болмайды! Оларды құзғын ғана санап жатыр!

Көсем: Менің жеті жүз сарбазымнан жетеуі-ақ қалыпты.

II-Көсем: Менің жеті жүз сарбазымнан төртеуіміз қалдық.

Томирис: Балхаш қайда?

Көсем: Кирдің арбасына ұмтылғанын бір көріп қалғам.

Балхаш көрінеді. Кирдің өлі денесін сүйреген күйі, сүрініп кетіп, сүрініп кетіп зорға келеді. Сарбаздар сүйемелдеуге ұмтылған еді, бірақ оларды серпіп тастап Томириске өзі келеді.

Балхаш: (Кир патшаның денесін көтеріп) Ұлы патшайым, мынау патшалардың патшасы ұлы Кир! (Өлі денені Томирисінің аяғына сүйреп тастап, өзі де құлап түседі. Үнсіздік орнайды.)

Томирис: Бірің қалмай тараңдар! ..

Барлығы да кетеді. Томирис Балхаштың денесін құшақтап, бетінен сипайды.

Томирис: Қасиетті Көк аспан, құдіреті күшті Тәңірім! Үн қатпағаның осы екен ғой! .. Балхаш, рухыңа бас идім! Сен менің жар дегенде жалғызым едің! (Балхаштың семсерін көкірегіне қойып, қолын соған айқастырады да Кирдің басына келіп): Патшалардың патшасы ұлы Кир, құмартқаның сақтың қаны еді!

Жақсылар мен жайсаңдар, көсемдер мен көк сүңгілі сарбаздар, мынау торсыққа Кирдің басын салыңдар, ішін парсының қанына толтырыңдар да еліне қайтарыңдар, қанып ішсін де, жаны жай тапсын!.. Көк Тәңірі сыйлаған сақтың сары даласына енді қайтып ешкім бас сұқпасын! Тұранның қасиетті туын ешкім жықпасын!..

Аяқ астынан Елес пайда болады. Томирисің қолынан Кирдің басы түсіп кетеді.

Елес: Балаңды құрбандыққа шалдың! Байды құрбандыққа шалдың! Кирдің басын алдың! Өзің ғана қалдың! Өзіңе не қалды?

Томирис: Сақ деген ел қалған жоқ па! Сақтың сары даласы – жер қалған жоқ па!

Жамағат... Бекзада Спаргаписті Жетісудің тең ордасына апарып алтынға бөлеп, күміс табытқа салып көміңдер. Балхаш батыр да сол қорғанға жерленсін. Өлді деп ешкім айтпасын... Өлгенімізді ешкім білмесін... Сақ біткен бізді тірі деп түсінсін. Біз сары далаға әлі сан рет ораламыз!..

1-тапсырма. Сақтар мен парсылардың биінде не бейнелеген?

- a) Томирисің жасағы
- b) Сақтардың жеңілісі
- c) Парсылардың жеңілісі
- d) Сақтар мен парсылардың ұрысы

2-тапсырма. Пьесадағы авторлық ремаркалар қандай ақпаратты түсінуге көмектеседі? Автор ремаркаларды не мақсатта қолданған?

3-тапсырма. Қалай ойлайсың, Томирис неліктен бекзада Спаргапис пен Балхаш батырдың қаза болғанын ешкімнің білмегенін қалайды? Өз ойыңды мәтіннен мысал келтіріп, дәлелді жеткіз.

4-тапсырма. Мәтінде көрініс тапқан оқиға туралы тарихта қандай мәлімет берілген? Сақтар мен парсылардың соғысы туралы тарихи мәліметтерді еске түсір. Эпизодтағы көріністі салыстыра отырып талдап, тұжырым жаса.

9-мәтін

Tickets.kz сайтынан онлайн билет сату парақшасы берілген. Мұқият қарап, Аяның билетті сатып алу критерийін қарастыр.

1-билет

	Рейс EK-2195 Boeing 737 Үнем класы Рейс орындайды flydubai	05:15 26 ақпан 2020, Сәрсенбі Нұр-Сұлтан TSE	16 с 15 мин 1 ауысып отыру DXB	18:30 26 ақпан 2020, Сәрсенбі Ыстамбұл IST	Орташа кешігу: 32 минут Рейс туралы толығырақ Қол жүгі Жолжүк: 25 кг
---	---	--	-----------------------------------	--	---

2-билет

	Рейс B2-776 Embraer 195 Үнем класы	04:15 26 ақпан 2020, Сәрсенбі Нұр-Сұлтан TSE	14 с 25 мин 1 ауысып отыру MSQ	15:40 26 ақпан 2020, Сәрсенбі Ыстамбұл IST	Орташа кешігу: 4 минут Рейс туралы толығырақ Қол жүгі Жолжүк: 1 чемодан
---	--	--	-----------------------------------	--	--

1-тапсырма. Аян жолға екі чемодан алып шықпақшы, бірақ осы бағыттағы әуе билетінің біреуінде жолжүктің салмағы 25 кг-мен шектелсе, екіншісінде бір чемоданға ғана рұқсат берілген. Аян екі билеттің қайсысын таңдауы мүмкін.

- a) 1-билет
- b) 2-билет

2-тапсырма. Ол Ыстамбұлға не мақсатпен бармақшы? Аяның билет таңдаудағы критерийіне назар аударып, болжам жаса.

3-тапсырма. Әуе компаниясы Аянға билет құнын толықтай қайтарып береді. Бұған себеп болуы мүмкін үш факторды жаз.

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

10-мәтін

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА БАСҚА ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУГЕ БОЛАДЫ?	ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ТІРКЕУДЕН БАС ТARTУЫ МҮМКІН?	ШЕШІМІ
1 БАСҚА ЖЕРГЕ ҚОНЫС АУДАРҒАНДА	Тіркелген азаматтар саны шекті мөлшерден асып кеткенде Мемлекеттік мәліметтер базасында сіздің тұрғылықты мекенжайыңыз туралы мәлімет болмаса	Басқа емхана іздейміз
2 СІЗ ТІРКЕЛГЕН ЕМХАНА ЖАБЫЛЫП ҚАЛСА, НЕ МСҚ-МЕН АРАДАҒЫ КЕЛІСІМДІ ТОҚТАТСА	Жекеменшік сақтандыру компаниясымен келісімшарт бекіткен емханада сіз туралы деректер болмаса	ХҚКО-на барып өзіңіз туралы мәліметті тексертіңіз
3 15 ҚЫРҚҮЙЕК – 15 ҚАРАША АРАЛЫҒЫНДА ӨТЕТІН ДАСТҮРЛІ ТІРКЕУ НАУҚАНЫ КЕЗІНДЕ	Балаларды тіркеу кезінде тиісті құжаттары болмаса	Жекеменшік сақтандыру компаниясына бару
4 ЕГЕР ТІРКЕЛГЕН ЕМДЕУ МЕКЕМЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ҚӨНІЛІҢІЗДЕН ШЫҚПАСА ЖЫЛЫНА БІР РЕТ ЕМХАНА АҢЫСТЫРҒАҒА ХАҚЫҢЫЗ БАР	Сізді өз өтінішіңіз негізінде емес, комиссия шешімі арқылы тіркегенін растайтын мәлімет болмаса	Балалардың құжатын алып бару
5 ЕРІКТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА	Сізді өз өтінішіңіз негізінде емес, комиссия шешімі арқылы тіркегенін растайтын мәлімет болмаса МСҚ мамандарына хабарласу	МСҚ мамандарына хабарласу
6 СІЗДІ ӨЗ ӨТІНІШІҢІЗ НЕГІЗІНДЕ ЕМЕС, КОМИССИЯ ШЕШІМІ АРҚЫЛЫ ТІРКЕП ТАСТАҒАН. БІРАҚ СІЗ ОНЫМЕН КЕЛІСПЕЙСІЗ		
7 ҮЙІҢІЗГЕ ЖАҚЫН МАҢНАН ЖАҢА ЕМХАНА АШЫЛҒАН БОЛСА		

<https://fms.kz/kk/content/emhanaga-tirkelu-turaly-ne-bilu-kazhet-0>

1-тапсырма. Арман өзінің басқа емханада тіркеуде тұрғанын білді. Ол өзі қалаған емханаға тіркелу үшін қай ережеге сай әрекет етуі керек?

- 2
- 6
- 5
- 7

2-тапсырма. Арман емханаға келгенде оны тіркеуден бас тартты. Неліктен? Мүмкіндігі басым үш себепті көрсет.

- _____
- _____
- _____

3-тапсырма. Егер Арман келісімшарт жасаған жекеменшік сақтандыру компаниясында ол туралы деректер болмаса...

- Жекеменшік сақтандыру компаниясына барады.
- Басқа емхана іздейді.
- МСҚ мамандарына хабарласады.
- ХҚКО-на барып өзі туралы мәліметті тексертеді.

III. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Тарау атауы	Күтілетін нәтиже	Әдістемелік ұсыныстар	Әдебиеттер/ресурстар
Кіріспе. Оқу сауаттылығы			
Кіріспе. Оқу сауаттылығы	Мәтін түрлерін (тұтас және тұтас емес мәтіндер) тану	Функционалды сауаттылық түрлері: 1. Жалпы сауаттылық 2. Компьютерлік сауаттылық 3. Ақпараттық сауаттылық 4. Қатысымдық сауаттылық 5. Шет тілдерін үйренудегі сауаттылық 6. Тұрмыстық сауаттылық 7. Апатты жағдайдағы сауаттылық 8. Қоғамдық-саяси сауаттылық Оқу сауаттылығы қандай да бір мәселені шешу, нақты тапсырманы орындауға қажетті ақпаратты тауып оқуды мақсат етеді. Оқуда нақты ақпарат алу үшін оқу (scanning) және аналитикалық оқу (тірек сөздерді белгілеу, дәйексөздерді іріктеу, кесте, график құру) тәсілдері қолданылады. PISA зерттеулері оқу сауаттылығын бірнеше деңгейлерге бөліп қарастырады: • қарапайым критерий бойынша мәтіннен қажетті мәліметті іздеу (ең төменді деңгей); • бірнеше критерий бойынша мәтіннен қажетті ақпаратты іздестіру; • ақпарат үзінділерінің арасындағы байланысты тану; • белгілі, бірақ қарама-қайшы ақпаратпен жұмыс істеу; • астарлы, жасырын сипаттағы ақпаратқа ие үзінділерді іздестіру, рет-тілігін құру, қиыстыру, тапсырманы орындау үшін мәтіндегі қай ақпараттың қажет екендігі туралы қорытынды жасай білу; • күрделі мәтіндерді түсіну және оларды интерпретациялау, тұжырымдау; • мәтін мазмұнына сай қорытындылар мен болжамдар жасау.	Кемельбекова Г.А. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся по предметам гуманитарного цикла // Проблемы и перспективы развития образования: материалы VIII Междунар. науч. конф. (г. Краснодар, февраль 2016 г.). – Краснодар: Новация, 2016. С. 6–9. – URL https://moluch.ru/conf/ped/archive/187/9552/ (дата обращения: 02.09.2019). Международная программа PISA 2000. – М.: Центр оценки качества образования ИОСО РАО, 2003, с. 8

		Тұтас мәтіндерге оқушылардың күнделікті оқып жүрген мәтіндері жатады: • сипаттау (әңгімеден, өлеңнен үзінді, адамды, орынды, затты сипаттау); • баяндау (әңгіме, өлең, повесть, мысал, хат, газет-журнал мақалалары, оқулыққа енгізілген мақала, нұсқаулық, жарнама, фильмнің қысқаша мазмұны, блог жазбасы, әртүрлі сайт материалдары); • пайымдау (талқылау шығармалары, пікірлер, өз пікірін дәлелдеу). Тұтас емес мәтіндерге: • графиктер; • диаграммалар; • схемалар (кластерлер); • кестелер; • географиялық карталар мен жергілікті карталар; • үй-жай, аймақ, құрылыс жоспары; • кіру билеті; • көлік қозғалысының кестесі; • сайт карталары жатады.	
Мәтін бойынша берілетін тапсырма түрлері			
Мәтін бойынша берілетін тапсырма нұсқауы және оны түсіну	• Тапсырма форматын анықтау (жабық сұрақ, ашық сұрақ, бір/бірнеше дұрыс жауабы бар тест сұрақтары); • тапсырма тақырыбын анықтау; • тапсырмаға берілген нұсқаудың басты мақсатын анықтау (талдау, талқылау, бағалау, түсіндіру);	Бұл бөлімде мұғалім оқушылардың мәтін бойынша берілетін тапсырмаға берілген нұсқауды дұрыс түсінуіне назар аудару қажет. Оқу сауаттылығы бойынша тест тапсырмаларын дұрыс орындамаудағы басты қиындықтың бірі – оқушылардың тапсырманы қалай орындау керектігін түсінбеуі. Бұл дағдыны назарды шоғырландырып оқу секілді оқу стратегияларымен қатар дамытып отыру керек. Сұрақ түрлері Оқу сауаттылығын бақылауға арналған тапсырмаларда әдетте мынадай жаттығу түрлері ұсынылады: • бірнеше нұсқадан бір дұрыс нұсқаны (жауапты) таңдауға құрылған тапсырма; • оқушыларға бірнеше дұрыс жауапты таңдау мүмкіндігі бар тапсырма (жауапты таңдауға құрылған кешенді сұрақтар); • өз жауаптарын арнайы ашық қалдырылған орынға жазуды талап ететін тапсырмалар.	Understanding the task// URL: http://www.uefap.com/prepare/task/taskfram.htm Рождественская Л., Логвинова И. Формирование навыков функционального чтения. Пособие для учителя. [Электронный ресурс]. URL: https://slovesnic.ru/attachments/article/303/frozhdest.pdf

	• тапсырмаға арналған нұсқаудың тірек сөздері мен сөз тіркестерін анықтау және интерпретациялау; • тапсырманы орындау көлемін анықтау (аргументтер саны, сөздерді шектеу, берілген уақыт ауқымы, т.б.).	Бұл тапсырмалардың ішінде қысқа жазбаша жауапты (қысқаша жауапқа құрылған сұрақтар) және толық жазбаша жауапты қажет ететін (толық жауапқа құрылған сұрақтар) тапсырмалар да болады. Оқушыларға ұсынатын тест тапсырмаларында дұрыс жауаптардың санына (бір немесе бірнеше), сонымен қатар тест тапсырмаларында ашық және жабық сұрақтардың (дұрыс жауабы бар немесе оқушыдан жазбаша жауапты қажет ететін сұрақтар, жауабы қысқа немесе толық жауапты қажет ететін сұрақтар) қамтылуына мән беру керек. Көбінесе тест тапсырмасының нұсқауында келтірілетін аргументтер саны жазылады. Мысалы: Автормен келісесің бе? Кем дегенде 3 аргумент келтір. Оқушылармен бірге тапсырма нұсқауында кездесетін тірек сөздермен жұмыс жасау керек (2-қосымша). Оқушылар берілген тапсырманы орындау үшін не жасау керектігін түсінуі керек. Мәтін бойынша берілетін сұрақтар мен тапсырмалардың жіктелуін ұсынамыз: оқылым дағдысын дамыту мен тексеруге көмектесетін бірнеше түрлері бар. Коммуникациялық құзыреттіліктерге сәйкес келетін тапсырма түрлерін ұсынамыз. Бірнеше нұсқаны таңдауды қажет ететін тапсырмалар: 1) берілген нұсқадан бірнеше дұрыс жауапты таңдау; 2) мәтін мазмұнына сәйкес келетін/сәйкес келмейтін немесе мәтінге қатысы бар/қатысы жоқ бірнеше тұжырымды анықтау; 3) мәтін мазмұнына қатысты мәліметтің жалған немесе рас мәлімет/тұжырым екенін айқындау. Сәйкестікке құрылған тапсырмалар: 1) Сұрақ, тақырып, тұжырым, жоспар тармақтары, суреттер, белгі, схема, диаграммалардың және мәтін бөліктері (қысқа мәтіндер) арасындағы сәйкестікті табу;	
--	--	---	--

2) мәтін мазмұнына сәйкес келетін сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдерді анықтау;

3) суреттерді, схемаларды т.б. анықтау;

4) берілген сөздерді мәтіндегі сөздермен (сөз тіркестерімен) сәйкестендіру (синонимдерді/антонимдерді анықтау).

Мәліметті толықтыруға арналған тапсырмалар:

1) Мәтіндегі бос орындарды сөйлемдермен/сөз тіркестерімен/сөздермен толықтыру;

2) сөйлемді толықтыру (аяқтау).

Мәліметті көшіруге құрылған тапсырмалар:

1) оқыған мәтіні бойынша кестені толтыру;

2) оқыған мәліметі бойынша кестені/сызбаны толықтыру.

Өзгерген мәтіндерді қалпына келтіруге арналған тапсырмалар:

– мәтіннің шатасқан бөліктерінің ретін сақтап орналастыру.

Жауабы бар сұрақтар әртүрлі мақсатпен беріледі, соған сәйкес күрделілік деңгейі жағынан әртүрлі болып келеді.

Мәтінге ұсынылған тапсырмаларды мақсаты мен мазмұнына сай бірнеше топтарға бөлуге болады:

- ауызша берілген мәтіндегі деректі ақпараттарды қолдану;
- жол, абзац арасында жасырынған астарлы мәліметтерді қолдану;
- мәтіннен тыс және оны қолдануға қатысты тұжырымдамалық ақпаратты пайдалану;
- мәтінді сыни талдаумен байланысты бағалау сұрақтары және рефлексивті сұрақтар.

Мұғалім курс барысында құрылымы мен коммуникативтік құзыреттілікке сәйкес келетін әртүрлі тесттерді таңдап алуы керек.

Мәтін мазмұнына жалпы шолу жасау және тұтас мәнді түсіну

Мәтін мазмұнына жалпы шолу жасау және тұтас мағынаны түсіну	• Мәтіннің басты тақырыбын, жалпы мақсатын (міндетін) және көзделген аудиториясын (графика, кесте, тұтас мәтіндер негізінде) анықтау; • мәтін бөліктері мен ортақ идеяның арасындағы байланысты анықтау (тұтас және тұтас емес мәтін композициясын талдау); • графиктік мәтіннің (кестенің) негізгі құрамын түсіну; • авторлық түсіндірме мен ескертулердің рөлін бағалау; • негізгі идеяны қосалқы идеядан ажырату; • мәтін атауының рөлін анықтау (тұтас мәтінді талдау).	Мәтін мазмұнына жалпы шолу жасап, оның тұтас мәнін түсіну – мәтінді тереңірек түсінуге және талдауға септігін тигізетін басты дағдылардың бірі. Оқу сауаттылығының бұл деңгейін дамытуға арналған тапсырмаларда оқушы басты тақырыпты, жалпы мақсатты немесе мәтіннің мақсатын анықтайды. Ол үшін мынадай жаттығулар ұсынған дұрыс: • мәтінге қатысты тапсырмалар құрастыру; • тақырып қою; • мәтіннің жалпы мағынасын ашатын тезис құрастыру; • мәтінде берілген нұсқаулардың орындалу тәртібін түсіндіру; • графиканың немесе кестелердің негізгі құрылымын анықтау; • картаның немесе суреттердің мақсатын, кітап басылымының түрін және оған енгізілген мәтіндердің сипатын түсіндіру. Мұғалім оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп қызықты графикаларды, сызбаларды таңдап алуы керек. Мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуге бағытталған тапсырмаларда мәтін бөліктерінің арасындағы байланыспен сұрақтар арқылы басты идеясын анықтайды, автор ұсынған арнайы сілтемені мәтіннің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Жинақталған идеялардың ішінен мәтіннің басты, басымдыққа ие негізгі идеясын анықтау, оны қосалқы идеядан ажырату тапсырмаларын ұсынуға болады. Оқушылар: – мәтіннің негізгі идеясын, тақырыбын анықтай алуы керек; – маңызды және қосымша ақпараттарды іздеп, таба алуы (мәтінге шолу жасау) керек; – тұжырым жасап, мәтінде берілген фактілерге сүйене отырып, қорытынды шығара алуы (мәтінде мазмұны туралы жалпы түсінік, негізгі идеяны ұғыну) тиіс.	Международная программа PISA. Примеры заданий по чтению, математике и естествознанию. – М.: Центр оценки качества образования ИОСО РАО, 2003 г. http://www.niccurriculum.org.uk/
---	--	--	---

Мәтіннен қажетті ақпараттарды іздеу

Мәтіннен қажетті ақпараттарды іздеу	• Сұрақтың қойылуын түсіну. Көз жүгіртіп оқу, нақты ақпарат алу үшін оқу түрлерін қолдану. • қажетті ақпаратты табу мақсатында мәтіннің басты элементтерін анықтау. • мәтіндегі ақпаратты интерпретациялау тәсілі ретінде перефразаны қолдану.	Мәтіннен қажетті ақпараттарды іздеу үшін оқушыларды мәтіндегі ақпараттарға көз жүгіртіп, негізгі элементтерін анықтауға, басқа формада (синонимдік) берілетін қажетті ақпарат бірлігін іздеуге ерекше назар аударту керек. Оқу сауаттылығын арттырудың бұл кезеңінде оқушылар нақты ақпаратты анықтау дағдысын дамытады. Нақты ақпарат алу мақсатымен оқыған кезде оқырманда (оқушыда) мәтіннің мазмұндық, идеялық құрылымы жағынан жалпы түсінік қалыптасады. Ақпаратты мақсатты түрде іздеу үшін және ақпарат алу үшін: • «Кім?», «Не?», «Қайда?», «Қашан?», «Не істеді?» деген сұрақтарды негізге ала отырып, нақты материалды табу керек. • мәтін тақырыбын анықтау қажет; • мәтінде анық көрсетілмеген ақпаратты іздеп, анықтау керек. Ақпарат түрлері: • Нақты (факті); • Концептуалды (тұжырымды); • Астарлы, жасырын түрде беріледі. Мәтіннен қажетті ақпаратты табуға үйрету үшін мынадай сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылады: • мәтіннен нақты мәліметті табу; • мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, сөздің, сөз тіркесінің мәнін түсіндіру; • мәтіннің тақырыбын немесе негізгі ойын анықтау (егер мәтінде анық көрініс тапқан жағдайда); • оқиғаның/құбылыстың, кейіпкердің әрекет ету уақыты мен орнын анықтау; • оқиғалар арасындағы байланысты табу немесе орнату; • басты кейіпкер әрекеті арқылы жасалған қорытындыны түсіндіру;	PISA Test Questions// URL: http://www.oecd.org/pisa/pisaproducts/pisa-test-questions.htm http://www.niccurriculum.org.uk/
---	--	--	--

		• деректер мен дәлелдерді, кейіпкерлердің іс-әрекетінің себебі мен салдарын талдап, қорытынды шығару.	
Мәтінді интерпретациялау			
Мәтінді интерпретациялау	Мәтін ішіндегі ақпараттарды салғастыру (қарсы қоя отырып салыстыру); Мәтін тезистерін және автор тұжырымдаған тезистер деректерін растау үшін дәлелдерді табу.	Мәтінді интерпретациялауға арналған тапсырмаларда оқушылар оқыған мәтінін терең, толық түсінгенін көрсетуі керек. Бұл тапсырмаларда оқушылардың логикалық таным деңгейі байқалады, олар бөлімдер арасындағы өзара байланысты көрсете алуы тиіс. Оқушыларға мәтінде кездесетін түрлі мәліметтерді салыстыру мен салғастыруға арналған тапсырмаларды ұсынуға болады. Сонымен қатар, ұсынылған тезистерді, пайымдауларды тұжырымдауға арналған, автордың ойын қорытындылауға бағытталған тапсырмалар беріледі. Мәтінді интерпретациялау дағдысын дамыту үшін оқушыларға мынадай тапсырмалар ұсынылады: • берілген ақпаратты мәтіннен табу; • белгілі бір ойды бейнелейтін мәліметті мәтіннен анықтау; • өз көзқарасын дәлелдеу үшін мәтіннен мәліметтерді қолдану; • мәтін бөліктерінің арасындағы немесе екі мәтін арасындағы байланысты анықтау; • мәтіннің негізгі ойын (идеясын) анықтау; • мәтіннің жалпы идеясынан нақты детальді ақпараттарды салыстыру; • мәтіннен автор ойын анықтау; • мәтіннің атауын интерпретациялау (пікір білдіру); • мәтінде берілген мәліметтерді талдау арқылы қорытынды шығару. Мәтінді интерпретациялауды үйрену үшін оқушылар «назарын шоғырландырып оқу» дағдысын игеруі керек.	Особенности формирования функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам общественно-гуманитарного цикла. Методическое пособие.– Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013.– 41 с. Поддьяков А. Решение комплексных проблем в PISA-2012 и PISA-2015: взаимодействие со сложной реальностью. [Электронный ресурс]// URL: http://edupolicy.ru/wp-content/uploads/2013/11/Poddjakov-No.6.2012.pdf

		Мәтінді талдау арқылы зерттеп оқу оның негізгі мағынасын түсінуге көмектеседі. Бұндай мәтіндерді талдау күнделікті өмірде ғылыми-техникалық мәтіндерден нақты ақпаратты өз бетімен түсінуге мүмкіндік береді.	
Мәтін мазмұнына рефлексия жасау			
Мәтін мазмұнына рефлексия жасау	• Мәтіндегі ақпаратты басқа дерек-көздердегі мәліметтермен байланыстыру; • әлем туралы өз ұғымдарына сүйене отырып, мәтінде жасалған тұжырымдарды бағалау.	Оқушылардың бұл дағдысын тексеру үшін мәтіндегі мәліметті осыған дейін алған білімімен байланыстыратын тапсырмалар ұсынылады. Оқушы мәтіндегі ақпаратты өзінің әлем туралы жеке біліміне қатысты бағалай білуі керек. Осы типтегі тапсырмаларды орындау үшін оқушы оқыған мәліметке қатысты өз көзқарасын білдіріп, адамгершілік және эстетикалық стандарттармен ережелерді ескере отырып, айтылған пікірді қорғау үшін мәтіннен тыс дәлелдер табуы керек. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы оқушы абстракті түрде ойлай алатын және өз көзқарасын дәлелдей алатын болады. Оқушылар қосымша мәліметті осыған дейін алған білімінен, басқа мәтіндердегі ақпараттардан, сұрақтың өзінде берілген идеялардан ала алады. Мәтінді түсінудің бұл аспектісі оқушылардың ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық қабілеттерінің жоғары деңгейін көрсетеді. Мәтін мазмұнына баға беруге, рефлексия жасауға бағытталған тапсырмалар: • мәтін мазмұнын өз пікірімен салыстыру; • мәтіндегі ақпараттың өз тәжірибесімен ара қатынасын анықтау; • мәтін кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін (әрекеттерін) бағалау; • бұрыннан белгілі ақпарат пен мәтіннен алынған мәліметтерге сүйеніп, өз көзқарасын негіздеу; • өз білімін және құндылықтар жүйесін ескере отырып, мәтіндегі тұжырымдарды бағалау;	Сурдуковская С.В. Формирование грамотности чтения учащихся профильной школы как условие повышения качества образования [Электронный ресурс]. URL: http://uch.znate.ru/docs/3520/index-4468.html http://www.nicurriculum.org.uk/PISA_Test_Questions/ URL: http://www.oecd.org/pisa/pisaproducts/pisa-test-questions.htm

		• мәтін кейіпкерлерінің мінез-құлқын, оқиғалар реттілігін болжау; • мәтіндегі ақпаратқа сүйене отырып, одан тыс оқиғаларды алдын ала болжау. Оқушылар: • көлемі үлкен мәтіндерді оқуы керек; • жасырын ақпаратпен жұмыс істей алуы керек; • осы ақпараттың құрамдас бөліктерінің реттілігі сақталмаған жағдайда қажетті ақпаратты таба алуы тиіс; • ақпараттың бір бөлігі графиктер, суреттер, карталар түрінде хабарланған жағдайда жұмыс істей алуы керек; • сыни бағалауды талап ететін бір-біріне қарама-қайшы келетін ақпаратпен жұмыс істеу керек; • мәтінде ұсынылған ақпаратқа сүйеніп, болжам (гипотеза) жасай білуі керек; • өзінің жеке пікірлеріне сәйкес келмейтін пікірлермен жұмыс істеуді үйренуі керек.	
--	--	---	--

Мәтін формасына рефлексия жасау

Мәтін формасына рефлексия жасау	• Мәтіннің сапасын стиль тұрғысынан бағалау (көркем әдебиет, ғылыми т.б.) • Мәтіннің сапасын стиль тұрғысынан бағалау (публицистикалық, ауызекі сөйлеу, ресми) • Мәтіннің сапасын жанр тұрғысынан бағалау (мақала, ескертпе, блог) • Мәтіннің сапасын жанр тұрғысынан бағалау (диалог, монолог, эссе) • Мәтіннің сапасын әдеби жанр тұрғысынан бағалау (мысал, әңгіме, ертегі, т.б.) • Мәтіннің сапасын мәтіннің түрі бойынша бағалау (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау)	Мәтінді түсінудің бұл деңгейіне арналған тапсырмалар оқушыларға мәтіннің тек мазмұнын түсініп қана қоймай, оның формасына, тіліне, сапасына баға бере білуін тексереді. Оқушы жанр, стиль ерекшеліктері туралы білімін мәтіндегі ирония, юмор, яғни жанр түрлері мен автордың берген бағасын анықтауда, сонымен қатар тілдік бірліктерді ажыратып, мәтіндегі детальді ақпараттардың рөлін түсінуде қолдана білуі керек. Мәтінді түсінудің бұл деңгейі оқушыда сыни ойлау мен эстетикалық пайымдау дербестігі жеткілікті деңгейде дамығанын білдіреді. Оқушылар бұл тапсырмаларды орындауда автор үнін, көзқарасын анықтап, суреттелген затқа, ұғымға автордың берген бағасын ажырата алуы тиіс. Мәтін формасын ұғынуды сипаттайтын тапсырмалар сыни талдау, автордың ойын, мәтіннің көзделген аудиторияға сәйкестігін бағалау дағдыларын қалыптастырады. Оқушылар: • мәтіннің жанры мен стилін ажырата алуы керек; • сөйлеу түрін (сипаттау, баяндау, пайымдау) анықтай алуы керек; • көркем сөз құралдарын анықтап, олардың қызметіне анықтама бере алуы тиіс. Ұсынылған дағдылардың қарапайымдылығына қарамастан, мәтінді түсінудің бұл деңгейі өте күрделі. Мұнда детальді ақпаратпен жұмыс істеуді, автордың көркем тәсілдерді қолдануын талдауды, оларды пайдалануды мақсат етеді.	Рождественская Л., Логвинова И. Формирование навыков функционального чтения. Пособие для учителя. [Электронный ресурс]. URL: https://slovesnic.ru/attachments/article/303/frozhdest.pdf http://www.nicurriculum.org.uk/
---	--	---	--

Визуализация түрлері: электронды ортадағы жұмыс

Визуализация түрлері: электронды ортадағы жұмыс	• Диаграммадағы мәліметті анықтау. Диаграмма құру (мәтін негізінде); • графика мәтін ретінде. Графиктік мәтін құру (мәтін негізінде); • кесте мәтін ретінде. Кесте құру (мәтін негізінде); • суреттерді мәтіннің маңызды құрамдас бөлігі ретінде талдау (С.С. Экзюпери «Кішкентай ханзада» мысалында және т.б.); • комикстер жасау (онлайн сервистер).	Бұл бөлім ХХІ ғасырдың негізгі дағдыларының бірі – ақпараттық (компьютерлік) сауаттылыққа арналған. PISA халықаралық зерттеуі қазақстандық оқушылардың диаграммаларды, сызбалар мен кестелерді талдау дағдыларының даму деңгейінің төмен екенін анықтаған. Осы бөлімді оқыту барысында мұғалімдер ақпаратты анықтау мен талдау үшін оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі мәтіндерді, сондай-ақ, мәтіндегі мәліметтерді пайдаланып диаграмма, схема, график, кесте және т.б. құруға бағытталған тапсырмаларды ұсыну қажет. Оқушылар Excel, Word бағдарламаларында диаграммалар, графиктер, кестелер жасай алуы үшін осы бөлім бойынша оқу үдерісін компьютерлік сыныпта жүзеге асыру керек. Бұл жағдайда мұғалім талдауға арналған мәтіндерді электронды түрде ұсынуы керек. Сонымен қатар, оқушылар оқыған шығармалары бойынша электронды түрде комикстер жасайды.	10 крутых сайтов для создания собственных комиксов// URL: https://camlabs.org/7478-10-krutykh-sajtov-dlya-sozdaniya-sobstvennykh-komiksov https://www.niccurriculum.org.uk/
---	--	---	---

Проблемалық жағдаятты шешу (интернет-ресурстармен жұмыс)			
Проблемалық жағдаятты шешу (Интернет-ресурстармен жұмыс)	• Демалыс күндерін қалай өткізуге болады? (киноафишаларды және концерттердің афишаларын талдау); • Қазақстанда автомобиль сатып алу бойынша ең тиімді ұсыныстарды талдау және іріктеу; • ғылыми конференцияға билетті онлайн сатып алу.	Бұл бөлім элективті курс бағдарламасының қорытындысы болып табылады, яғни оқу соңында оқушы мұқият оқу, нақты ақпарат алу үшін оқу, шолып оқу дағдыларын меңгеруі тиіс. Оқу сауаттылығының бір бағыты – проблемалық жағдайларды шешу. Оқушыға мәселені шешуді қажет ететін өмірлік жағдаят ұсынылады. Оны ғаламторда берілген ақпаратты мұқият зерттеу арқылы шешуге болады. Әдетте бұл жаттығуларды шешуде тапсырмаға берілген бірнеше шарттарды ескеру қажет. Егер оқушы берілген барлық шарттарды ескермей мәселені шешуді ұсынса, ол 0 ұпай алады. 3-қосымшада темір жол билетін сатып алу бойынша өмірлік жағдаят ұсынылған. Бұл бөлімнің тапсырмалары нақты проблемалық жағдаятты шешуде оқушының ғаламтордан қажетті ақпаратты тауып, қолдана білуін көздейді. Курс барысында оқушылар кең көлемді мәтінмен жұмыс істеу дағдысын жетілдіреді.	Калиева Г.Е. Совершенствование профессиональной деятельности педагога в условиях информационно-образовательной среды: гипертекст как среда для развития читательских компетенций [Электронный ресурс]// URL: http://www.rusnauka.com/6_PNI_2012/Pedagogica/2_102376.doc.htm Поддьяков А. Решение комплексных проблем в PISA-2012 и PISA-2015: взаимодействие со сложной реальностью. [Электронный ресурс]// URL: http://edupolicy.ru/wp-content/uploads/2013/11/Poddjakov-No.6.2012.pdf

1-қосымша

Үлгілік тапсырмалар

МӘТІН МАЗМҰНЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ ЖАСАУ ЖӘНЕ ТҰТАС МАҒЫНАНЫ ТҮСІНУ

1-мәтін

Мәтінді мұқият оқып, тапсырманы орында.

Кеше сенбі күні Астана веложолы туралы бейнешолу жасадым. Сонымен бірге ғаламтордан «Астана веложолы» деп іздеу кезінде бірден табылатындай мәтіндік жазба жазу керек деп шештім.

Соңғы кездері қала тұрғындарының спортпен айналысып, жүгіріп, велосипедпен жүре бастағанын байқадым. Қалада триатлондар мен марафондар көптеп ұйымдастырыла бастады. Астана тұрғыны ретінде бұл мені қуантады. Өзім де Астананың жаңа веложолын байқап көріп, бұл туралы не ойлайтынымды жазамын деп шештім.

Велосипедшілерге арналған инфрақұрылым

Соңғы жылдары елордада велосипедшілер үшін инфрақұрылым дамып, веложолдар саны арта бастады. Мен Есіл өзенінің жағалауындағы екі жолақты веложолды барып көрдім. Онда велосипедпен кетіп бара жатып қоқыс тастауға қолайлы жәшіктер, сонымен қатар ұялы телефонды қуаттауға арналған күн батареялы орындықтар қойылған.

Менің жолым

Мен Кенесары көшесіндегі автобустарға арналған жолаққа түсіп, орталық саябаққа дейін бардым. Жаяу жүргіншілерге арналған ескі көпірден өткеннен кейін оң жақта веложол басталады, осы жолмен «Дәулет» теннис орталығына дейін жүріп отырып, сол жақтағы өзен жағасымен Ақордаға жетіп, кейін қайттым.

Астана веложолының картасы

Қазіргі уақытта Яндекс-те де, 2ГИС-те де Астана веложолы карталары жоқ. Google Maps-те функционал болғанымен, карталар әлі құрылмаған. Егер сұраныс болса, олар осы карталарды жасайды деп ойлаймын.

Бейнешолу: Астана веложолдары

Кейбір адамдар бейне контентті жақсы қабылдайтындықтан, осы тақырыпта бейнешолу жасадым. Бірден өз қателерімді атап кетсем, бейнематериал тігінен түсірілген, дыбыстық сапасы нашар. Бірінші рет түсіргенге жарайды деп есептеймін. Келешекте техникалық құрал жақсы болса, сапалы бейнематериал жасау ойда бар. Әзірше бейнешолуды қабыл алыңыздар. Жалпы алғанда, Астана веложолы тақырыбын аша алдым деген пікірдемін. Сондай-ақ велосипедшілерге арналған құралдар дүкендерінің сілтемесін беріп отырмын.

(<https://www.kanapiya.ru/velodorozhki-v-astane/>).

1-тапсырма. Берілген мәтіннің басты тақырыбын анықта.

- a) Астанадағы велоспорт инфрақұрылымы
- b) Астанадағы велосипед бизнесі
- c) Астана веложолы

2-тапсырма. Берілген мәтіннің мақсаты (міндеті) мен көзделген аудиториясын анықта.

- a) әуесқой велосипедшілерді Астана веложолымен таныстыру
- b) әуесқой велосипедшілер арасында велоспортты насихаттау
- c) әуесқой велоспортшыларға арналған құралдарды жарнамалау

3-тапсырма. Автор неліктен өз жазбасының соңында веложолға арналған бейнешолу ұсынды?

- a) Мәтіндік жазбаны көпшілігі оқи бермейді.
- b) Халық бейне контентті жақсы қабылдайды.
- c) Бейнешолу түріндегі ақпаратты оңай табуға болады.

2-мәтін

У. Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» трагедиясынан алынған үзіндіні оқы. Тапсырмаларды орында.

ПРОЛОГ

Хор көрінеді.

ХОР

Веронаның екі дүрдей ығайы мен сығайы
Әлімсақтан қырғи қабақ, қым-қуыт дау арасы.
Теке тірес тайталаспен ғұмыр кешіп ұдайы
Бас жарылып, көз шығарып, күнде дал-дұл жағасы.
Екі әулеттің ұл мен қызы көңілдері қосылып.
Опа таппай, опат тапты тіпті қыршын жасында.

Сойыл құмар содырлар да қасіреттен тосылып.
Бейуақ тамған бейкүнә қан басу болды ашуға.
Әлқисса, сол оқиғаны сізге шертіп береміз.
Сәл шыдаңыз, екі сағат уақыт деген сөз боп па!
Жақсы ойынды жабады деп сенеміз.
Олпы-солпы мін тапсаңдар, біз баяндар бұл гәптан.

I ПЕРДЕ

I көрініс
Верона. Алаң.

Капулеттидің қалқан асынып, семсер ұстаған қос қызметшісі Самсон мен Грегорио шығады.

Самсон. Грегорио, бауырым, ол оңбағандардың алдында арды қолдан бермейік.

Грегорио. Арды қолдан беріп бізді не қара басыпты?! Қайсысы келсе де, қан салғандай қып жіберем, көр де тұр!

Самсон. Тоғытқа түскендей өзіміз тұншықпайық деп тіле.

Самсон. Қанымды қыздырса, қанжарымды қалай суырып алғанымды өзім де білмей қалам.

Грегорио. Сенің қаның қызғанша, қысыр қашар бошалап үлгерер.

Самсон. Монтекидің шәуілдектерін көрсем, қаным басыма шауып, зіркілдеп ала жөнелем.

Грегорио. Бәсе, құйрығың жалтырап безіп бара жататының содан екен ғой. Қас ба-тыр деген қасқайып тұрып алады емес пе еді!

Самсон. Монтекидің сүмелектерін көргенде жүрегім қылп етсе не дейсің. Жігіттерін желкектей жусатып, қыздарын қылқандай қырқам.

Грегорио. Нағыз дүлей сен болдың-ау сонда!

Самсон. Жолымда ешкім тұра алмайды. Жігіттерін түгелдей жер қаптырып, қыз-қырқынын қуыс-қуысқа қуып тығам.

Грегорио. Егесіп жүрген екі жақсың да еркектері емес пе?

Самсон. Бола берсін. Еркектерін көкелеріне көрістіргесін қыз-қырқынына қырғидай тимеймін бе! Шын сойқанды соларға салу керек қой.

Грегорио. Бейшара бикештердің жазығы не?

Самсон. Қауқарымның барында қауып қалам. Құдайға шүкір, бөлек-салақ ет пен шандыр менде де жеткілікті.

Грегорио. Балық болып жаратылмағаныңа шүкір. Нағыз тұзда қақтаған қақпыш шабақ сен болар ең. Қылышыңды суыр. Әне, Монтекидің екі сүмелегі келеді.

Самсон. Қам жеме! Қылыш дайын. Ол екеуіне өзіңнің де әлің келеді. Қорықпа, қасыңда мен бармын.

Грегорио. Ол не дегенің? Сен осы өкшенді жалтыратқалы тұрғаннан амансың ба?

Самсон. Мен жөнінде уайым жеме.

Грегорио. Уайымдайтын кісіні тапқан екенсің!

Самсон. Әуелі намыстарына тиейін. Төбелесті солар бастаса, заң бізді ақтайды.

Грегорио. Тұсымыздан өте бергенде бетімді тыржитайын. Ар жағындағы әуселелерін көріп алармыз.

Самсон. Мен қасақана тырнағымды мүжиін. Оған да үндемесе шын масқара болғандары.

Абрам мен Балтазар көрінеді.

Абрам. Нағып тырнағыңды тістелей қалдың? Бізге қыр көрсетіп тұрған жоқсың ба, сэр?

Самсон. (Грегориоға сыбырлап). Не дейін, «иә» десем, заң бізді жақтай ма, жақтамай ма?

Грегорио. (сыбырлап). Жақтамайды.

Самсон. Қыр көрсетіп тұрғам жоқ, бірақ тырнағымды мүжіп тұрғаным рас, сэр.

Грегорио. Немене, сонда төбелескіңіз келіп пе еді, сэр?

Абрам. Мен бе, сэр? Жоқ, сэр.

1-тапсырма. Автор прологты не мақсатта қолданған? Өз көзқарасыңды білдір.

2-тапсырма. Пьесадағы авторлық ремаркалар қандай ақпаратты түсінуге көмектеседі?

3-тапсырма. Пьесадағы ремаркалар қандай қызмет атқарады?


- а) Репликаны қалай ойнайтыны туралы нұсқау береді
- б) Оқырмандарға репликаны түсінуге көмектеседі
- с) Бұл драматургтің шимай жазбалары

МӘТІННЕН АҚПАРАТ ІЗДЕУ

3-мәтін

Қоғамдық көлік бағыты көрсетілген картамен танысып, тапсырмаларды орында.

- «Жаннур» сауда орталығы
- «Алматы» іскерлік үйі
- № 56 мехколлона
- «Жастар» шағын ауданы
- «Целинный» шағын ауданы
- Отан қорғаушылар монументі
- «Орбита» сауда орталығы
- Қаныш Сәтбаев көшесі
- «Меридиан» сауда орталығы
- «Евразия» сауда орталығы
- Майлин көшесі
- «Тұран» рестораны
- «Тәуелсіздік» даңғылы
- Ақыртас
- «Хазрет Сұлтан» мешіті
- «Қазақ елі» монументі
- «Гранд Астана» тұрғын үй кешені
- Кегос
- № 73 мектеп-лицейі



1-тапсырма. Картада қай қоғамдық көліктің бағыты көрсетілген?

- а) № 7 автобус, Нұр-Сұлтан қаласы
- б) «Яндекс» такси, Нұр-Сұлтан қаласы
- с) № 4 автобус, Нұр-Сұлтан қаласы

2-тапсырма. Кестенің сол жағында қандай ақпарат берілген?

- а) Көлік бағыты жүргізілген шағын аудандар тізімі
- б) Аталған қоғамдық көлік бағытының аялдамалары тізімі
- с) Көлік бағыты жүргізілген тұрғын үй кешендерінің тізімі

3-тапсырма. Көлік қазір қай жерде келе жатыр? Жауабыңды дәлелде.

МӘТІНДІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ

4-мәтін

«Жасанды интеллект адам баласына қауіп төндіруі мүмкін бе?» мәтінін оқы.

Қазіргі таңда әлемдегі беделді ғалымдар жасанды интеллектінің дамуына екі түрлі көзқараспен қарайды. Бір тобы жасанды интеллект адам баласына еш қауіп төндірмейді деп сенсе, екінші тобы адамзаттың түбіне жететін жасанды интеллектке ие роботтар деп санайды.

2018 жылы SpaceX, SolarCity және Tesla Motors компанияларының жетекшісі **Илон Маск** бастаған жасанды интеллект саласындағы бірқатар сарапшылар «Бұл компьютерге сенесің бе?» («Do you trust this computer?») атты деректі фильмде өздерінің жасанды интеллект дамуына қатысты пікірін білдірді. Олардың басым бөлігі жасанды интеллект дамуын бақылауда ұстау маңызы жайлы айтады.

Илон Маск үндеуімен бірқатар белсенді ғалымдар мен **футурологтер** жасанды интеллектінің қауіпі жайлы Біріккен ұлттар ұйымына да арнайы хат жазған. Хатта жасанды интеллектіге ие әскери қаруларды бақылауда ұстау мәселесі көтеріледі.

Илон Маск жасанды интеллект дамуындағы өз тәжірибесімен бөлісу үшін коммерциялық емес OpenAI атты компания құрған.

Олардың аргументтері салмақты. Себебі кез келген ел билігі әлемде аналогы жоқ суперқару иемденгісі келеді. Сол мақсатпен де олар құпия зертханаларды қаржыландырып, оларға қыруар ақша бөліп отыр. Мысалы, өткен жылы Қытай жасанды интеллектінің дамуына жұмсайтын қаржы көлемі бойынша АҚШ-тан озып, инвестиция көлемін 12 миллиард АҚШ долларына жеткізген. Қытай үкіметі 2030 жылға дейін жасанды интеллектіге \$150 миллиард қаржы құюды мақсат етіп отыр. Сондай-ақ, Қытай қаржыландырып отырған жобалардың басым бөлігі Бейжің төңірегінде шоғырланған.

Илон Маск жасанды интеллект адамзатқа қауіп тудырады деп есептейді. «Роботтар жалған электрондық почталарды пайдалана отырып, ақпарат және баспасөз релиздерін таратып, адамдарды ақпаратпен басқара алады. Қалам – қанжардан да күшті», - деді Илон Маск губернаторлардың ұлттық қауымдастығында өткен кездесуде. Масктің айтуынша, озық техника жасаумен айналысып жатқан адамдар жасанды интеллекттің осы сияқты қауіптерін ескермей отыр.

Робот адамды алмастырады. Киборг-әскерлер мен ақылды әскери-дрондардан бөлек, жасанды интеллект адам баласының жұмыссыз қалуына да себепші болуы мүмкін. Мысалы, 2014 жылы америкалық миллиардер Джефф Безос Amazon.com компаниясының жүк тасымалдайтын мыңдаған қызметкерін жұмыстан босатып, оларды роботтармен алмастырды. Қазіргі таңда компанияның қоймаларында жүз мың робот жұмыс істейді.

Одан бөлек, такси қызметін ұсынатын Uber компаниясы жүргізушісіз қозғалатын көлік жүйесін тестілеуден өткізіп жатыр. Егер жоба іске асса, 2 миллионға жуық такси жүргізушісі жұмыссыз қалуы мүмкін.

Informburo.kz тілшісі белгілі футуролог Митио Какумен осы тақырыптың төңірегінде әңгімелескен болатын. Ол пайымдауды, сыни ойлауды және сараптамалық шешімдерді талап ететін мамандықтарға жасанды интеллектіге ие роботтар тарапынан қауіп төніп тұрған жоқ екенін айтқан еді.

– Жасанды интеллект – әлемге жаңа төңкеріс алып келетін сала. Оның қамтымаған секторы жоқ. Осыдан он жыл бұрын адам күшін қажет ететін жұмыстарға бүгінде робот күші жегілді. Әзірге роботтың мүмкіндігі пайымдау және сыни ойлау мүмкіндігіне ие емес. Сондықтан роботтар юриспруденция, журналистика және компьютерлік бағдарламалау сынды салаларды игере алмайды, - деді Митио Каку informburo.kz тілшісіне.

1-тапсырма. Бұл мәтін ғаламтордан алынған. Неліктен кейбір сөздер сары түспен белгіленген?

- a) гиперсілтемелер
- b) тірек сөздер
- c) түсіндіруді қажет ететін сөздер

2-тапсырма. Берілген мәтінде жасанды интеллект туралы бір-біріне қарама-қайшы қандай екі көзқарас берілген?

1. _____
2. _____

3-тапсырма. Берілген мәтінге тезис жаз және соған қатысты автордың ұсынған тұжырымына сүйеніп дәлел келтір.

Тезис	Дәлел (аргумент)

МӘТІН МАЗМҰНЫНА РЕФЛЕКСИЯ ЖАСАУ

5-мәтін

«Әлеуметтік желі және жастар» мәтінін оқып, тапсырмаларды орында.

Әлеуметтік желілерде мемлекеттің конституциялық құрылымын, тұтастығын күштеп бұзуға шақыратын, нәсілшілдік, рушылдық, діншілдікті, өзге ұлт өкілдеріне төзбеушілікті дәріптейтін материалдар да кездесіп жатады. Кез келген мемлекет өзінің ұлттық қауіпсіздігіне аса көңіл бөледі. Қазақстан да демократиялық бағыт ұстанған, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде өзінің қауіпсіздігін, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүдделі.

Рахат ИСАҚҰЛОВА, психолог:

– Психологиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, әлеуметтік желілер, ғаламтор, жалпы ұялы телефон дегеннің балалар мен жасөспірімдерге кері әсері мол, яғни бала таңнан қара кешке дейін ұялы телефон мен компьютерге үңіліп, тек әлеуметтік желілерді парақтап отыратын болса, оның қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді. Адамдармен араласып, тілдесуден де қалады. Айналада болып жатқан дүниенің барлығын әлеуметтік желілерден табуға дағдыланатын болса, ол ізденісті тоқтатады. Соның әсерінен жасөспірімдердің дүниетанымы да тарыла бастайды. Ата-аналар кішкентай ба-

лаларының технология тілін жақсы меңгергенін мақтанышпен айтып жатады. Бірақ баланы кішкентайынан ғаламторға тәуелділікке үйретпеу қажет. Кейде әлеуметтік желілерді пайдаланушылар анайы бейнежазбалар орналастырып, суреттер салып жатады. Мұның да жас балалардың психологиясына кері әсер ететінін ескерген жөн. Сондықтан ата-аналар балаларының әлеуметтік желідегі парақшаларын қадағалағаны дұрыс. Қолдануға тыйым салғанның да артықтығы жоқ.

Гүлшат МАХАЖАНОВА, бастауыш сынып мұғалімі:

– Қазір оқушылардың басым бөлігі ұялы телефонға тәуелді. Ата-аналар да балаларын қатардан қалдырмауды сылтау етіп, қымбат ұялы телефондарды алып береді. Сондықтан, оқушылар кейде сабақ үстінде де әлеуметтік желілерге кіруді әдетке айналдырып алған. Сабақ үстінде ұялы телефон пайдалануға тыйым салсақ та, балаларды әлеуметтік желілерден алшақтату қиын. Өз кезегінде бұл жайт білім беруге кедергісін келтіруде. «Әлеуметтік желілерге хабарлама келіп қала ма» деп елеңдеген оқушы мұғалімнің айтқанын тыңдайды деймісіз? Сөйтіп жаңа тақырыпты түсінбей қалады. Ал ең соңында оқушылардың сауатсыздығы үшін ұстаздар айыпты болып шығады. Мұндай жағдайда ата-аналар балаларын қадағалап отырса екен деген тілегім бар.

Әйгерім КЕРІМҚҰЛ, студент:

– Әлеуметтік желілер маған пайдалы. Алыста жүрген бауырларыммен, достарыммен еш қиындықсыз хабар алысамын. Құжаттар жіберу қажет болса да, суретке түсіріп, әлеуметтік желілер арқылы жолдауға мүмкіндік бар. Әлеуметтік желілерге тәуелді жандардың қатарынан емеспін. Әрине, күніне бірнеше рет «Instagram» және «ВКонтакте» желілеріне кіріп тұрамын. Алайда әлеуметтік желілер үшін барлық жұмысымды кейінге қалдырып, ертеңге ысырып қоя алмаймын. Әрине, қазір әлеуметтік желілерді ауыздықтау қолдан келмес шара. Дегенмен қоғамның дұрыс дамуы, жас ұрпақтың ой-өрісіне залал келтірмеу үшін әлеуметтік желілерді жөнімен қолданудың ретін тапқан жөн.

(<https://turkystan.kz/article/10069-instagram-depressiyaqa-vcontacte-zhanzhalqa-soktyrady-dep-baqalajdy-zertteushiler-nege>).

1-тапсырма. Психологтің пікірімен келісесіз бе? Осы мәселе бойынша өз дәлелдеріңді ұсын.

2-тапсырма. Мұғалімнің «балаларды әлеуметтік желіден алшақтату қиын» деген пікірімен келісесіз бе? Өз көзқарасыңды дәлелдеп, күнделікті өмірден мысал келтір.

МӘТІН ФОРМАСЫНА РЕФЛЕКСИЯ ЖАСАУ

6-мәтін

«Туризмді дамыту үшін Қазақстанға имидждік қаражатты аямау керек» мақаласынан алынған үзіндіні оқы.

Қазақстандағы туризмнің үлесі қандай болмақ? Қазақстан 2025 жылға қарай туризм

үлесін ішкі жалпы өнімге шаққанда 8 пайызға дейін арттыруды жоспарлап отыр. Бұл көрсеткіш қазір 1 пайыздан аспайды. Айта кетерлігі, Үкімет жақында Қазақстанның туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын мақұлдады. Бұл ең алдымен жоғарыда аталған мақсат-міндетті орындаудың негізгі қадамы болмақ. Аталған құжатты таныстыру барасында Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы тұжырымдама халықаралық тәжірибені ескере отырып жасалғанын атап өтті. Талдаулар жүргізіліп, туристік қызметті мемлекеттік қолдаудың бірқатар тиімді шаралары айқындалды. «Бұл үлгілердің барлығын елде туристік саланы дамытумен қатар, мемлекеттік инвестицияларды қайтару тұрғысында табысты деп атауға болады. Қазақстанның мәдени саясаты тұжырымдамасының басымдықтарын ескере отырып, туристік кластерлер қайта қаралды, олардың атаулары өзгертіліп, алтыншы кластер қосылды», - дейді министр.

Бұл ретте Астана кластері екі мәдени-туристік кластерге бөлінген: «Астана – Еуразия жүрегі» елорданы қамтитын болады. «Табиғат пен көшпелі мәдениеттің тұтастығы» кластеріне туристік қызығушылық танытатын негізгі орындар енеді. «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы» кластерінде «Ақбұлақ» халықаралық туристік орталығы, «Жоңғар-Алатау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Көлсай көлдері» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Қара дала» курорттық аймағы ескерілді. «Ұлы Жібек жолының жандануы» кластеріне Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы, «Қасқасу» таулы курорты қосылды. «Каспий қақпасы» кластерінде (Маңғыстау облысы мен Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының бір бөлігі) әзірленетін негізгі туристік өнімдерінде жағалау туризмі, мәдени туризм және турнелер қамтылды. «Алтай інжу-маржаны» кластері (ШҚО-ның солтүстік және шығыс бөліктері) «Табиғаттың ғажайып әлемі» тақырыбында ұсынылады және экологиялық туризмнің орталығы болып табылады. Тұжырымдаманы екі кезеңде, 2017-2019 және 2020-2023 жылдары жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Айта кетейік, 2017 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумның саяхат пен туризмнің бәсекеге қабілеттілігі индексіне сәйкес, Қазақстан 136 елдің арасында 81 орында тұр. Салыстыратын болсақ, 2015 жылы еліміз 85 орында, 2013 жылы – 88, ал 2011 жылы 139 мемлекеттің ішінде 93-позицияда еді. Статистикаға салсақ, 2016 жылы ішкі саяхатта болғандар 9,6 млн. адамды құрады, сондай-ақ мемлекетімізге сапарлаған шетелдіктер 6,5 млн. адамға жетіпті. Шетелдіктердің 90 пайызы Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан секілді ТМД елдерінен, жақын көршілерден екен. Қалған 10 пайызы Қытай, Түркия мен Иран және өзге мемлекеттердің азаматтары.

(https://www.inform.kz/kz/turizmdi-damytu-ushin-kazakstanga-imidzhdik-karazhatty-ayamau-kerek-yunvto_a3041137)

1-тапсырма. Берілген мәтіннің стилін анықта.

- a) ресми
- b) ғылыми
- c) публицистикалық

2-тапсырма. Мәтіннің жанрын анықта.

- a) мақала
- b) блог
- c) баяндама

3-тапсырма. Мәтіннің түрін анықта.

- a) баяндау
- b) сипаттау
- c) пайымдау

4-тапсырма. Бұл мәтіннің аталған стильге сәйкестігін қалай дәлелдейсің? Кемінде 3 аргумент келтір.

1. _____
2. _____
3. _____

5-тапсырма. Берілген мәтіннің аталған жанрға сәйкестігін қалай дәлелдейсің? Кемінде 3 аргумент келтір.

1. _____
2. _____
3. _____

6-тапсырма. Берілген мәтіннің аталған мәтін түріне сәйкестігін қалай дәлелдейсің? Кемінде 3 аргумент келтір.

1. _____
2. _____
3. _____

7-мәтін

И. А. Крыловтың «Қасқыр мен қозы» мысалын оқы. Тапсырмаларды орында.

ҚАСҚЫР МЕН ҚОЗЫ

Бұлаққа су ішуге келді Қозы,
Жанында серігі жоқ, жалғыз өзі.
Бөрі жоқ десең, шығар бөрік астынан,
Бәле мен қаза алыс па, келсе кезі.
Қаңғырған тамақ іздеп бір аш бөрі
Қозыға жетіп келді жайнап көзі.
Жемекке, кінә қойып, сол арада,
Жала ғып, міне, Қасқыр айтқан сөзі:
«Сен, Қозы, текке қарап жүре алмайсың,
Соқтықпа маған десем, тіл алмайсың.
Мойныңды қазір жұлып алайын ба,
Суымды неге былғап, лайлайсың?»
Қозы айтты: «Қасқыр тақсыр, тоқта азырақ,
Тергеңіз, кінәм болса, әділ бірақ.
Ізіңіз жатқан жерден төмен келіп,
Іштім мен жүз қадамдай қашығырақ.
Бұл жерден ең аз болса бір жүз қадам,
Мүмкін бе лайлауға осы арадан?
Сіз түгіл, өзгеге жоқ қиянатым,
Не шара, жеткен болса бүгін қазам?!»
«Бекер ме, - Қасқыр айтты, – менің сөзім,
Білесің жалғаншы деп кімді өзің?
Әкеңді алдыңдағы танымасың,
Бәлем, сен байқап қара, ашып көзің!
Осындай сөздер мені күйдіреді,

Десем де шыдайын-ақ етіп төзім.
Есімнен өле-өлгенше кете қалмас
Былырғы осы арада сөккен сөзің». «Кезек бер біразырақ сөзге, тақсыр,
Келемін жарты жасқа күзде, тақсыр.
Жаралып дүниеге биыл келсем,
Тиемін былыр неге сізге, тақсыр?!»
«Ол әсте, сен болмасаң, сенің ағаң,
Ойларың мені жоймақ, келсе шамаң.
Ит болсын, қойшың болсын, қожаң болсын,
Жауыздық ойлайсыңдар бәрің маған!»
«Нансаңыз, ағам да жоқ, інім де жоқ,
Уа, ғайыры нашарлықтан мінім де жоқ.
Нақақтан мені, тақсыр, күйдіресіз,
Жауыздық сізге ойлаған күнім де жоқ».
«Ол саған әлде күйеу, әлде құда,
Сүймейді қой атаулы мені жүдә.
Я бөлең, я нағашың, я жиенің,
Әйтеуір, саған ұқсас еді о да.
Қой заты талай зәбір берді маған,
Соларын мен де істеймін енді саған.
Кегімді қойдан алмай, кімнен алам?!
Тауыспа о деп, бұ деп сөзді оған».
«Тақсыр-ай, еш жазығым жоқ қой менің,
Жәбір ғой біреу үшін күйдіргенің!»
«Үндеме! Жетер! Қазір мұрсатым жоқ
Тұруға ақ-қараңды тергеп сенің.
Алыпсың жаман әдет қарсыласып,
Сенімен тұрам ба мен мылжыңдасып.
Айтайын, білгің келсе, Қозым, саған:
Кінәң сол – жегім кеп тұр, қарным ашып!»
Шошиды Қозы байғұс құлқын танып,
Құтылар, білгенменен, онан нағып?
Болсын ба Қозы жұмыс Қасекеңе,
Жөнелді иығына салып алып.

* * *

Орманға Қасқыр кетті Қозыны алып,
Белгілі етер ісі алып барып.
Осындай жазықсызды жазғыратын
Әр жерде күштілерде бар ғой қалып.
Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын, оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі?!

(<http://bilim-all.kz/olen/1466-Qasqyr-men-qozy>)

1-тапсырма. Берілген мәтіннің стилін анықта.

- a) ресми
- b) көркем
- c) публицистикалық

2-тапсырма. Мәтіннің жанрын анықта.

- a) мақала
- b) блог
- c) мысал

3-тапсырма. Берілген шығарманың әдеби жанр тұрғысынан ерекшелігі неде? Автордың сөз қолданысы мен стилистикалық тәсілдерін талда.

ВИЗУАЛИЗАЦИЯ ТӘСІЛДЕРІ: ЭЛЕКТРОНДЫ ОРТАДА ЖҰМЫС ЖАСАУ

8-мәтін

А.С. Экзюперидің «Кішкентай ханзада» ертегісінен үзінді берілген. Мұқият оқып, тапсырмаларды орында.


Мен балалардан осы кітапты ересек адамға арнағаным үшін кешірім сұраймын. Кешіріңіз, бұл ересек адам – менің ең жақын досым. Ол бәрін, тіпті балалар кітаптарын да түсінеді. Ол Францияда тұрады, қазір аш және шынымен жанашырлықты қажет етеді. Егер бұлай ақтала алмасам, кітабымды ересек досыма айналған балаға арнаймын. Барлық ересектер бала болған, бірақ мұны еске алатындар сирек.

Мен кітабымды Леон Вертке (бала Леон Вертке) арнаймын.

Бірде, алты жасымда, жабайы орман туралы «Бастан кешкен оқиғалар» деп аталатын кітаптан ғажайып бір сурет көрдім. Суретте айдаһар жылан арыстанды бүтіндей жұтып жатты. Сол суреттің көшірмесі мынадай:



Кітапта былай деп жазылған: «Айдаһар жыландар жемтігін шайнамай бүтіндей жұтады. Содан кейін олар алты ай бойы қозғалмастан, тамағын қорытады екен». Сол сәтте менің джунгли оқиғалары жайлы ойларым сан саққа жүгірді. Мен қолыма түрлі түсті қарындаш алып, тұңғыш суретімді сала бастадым. Менің нөмірі бірінші суретімнің пішіні былай еді:



Мен бұл өнер туындысын ересек кісілерге көрсеттім де, олардан суретім қорқыныш тудырады ма деп сұрадым.

Олар: «Қалпақ та қорқынышты болады ма екен?» – десті. Ал менің салғаным қалпақ емес еді. Ол пілді қорытып жатқан айдаһар жыланның суреті болатын. Бұдан соң үлкендерге түсінікті болуы үшін айдаһардың ішкі бөлігін бейнеледім. Үлкендерге үнемі түсіндіріп отыру керек.

Менің нөмірі екінші суретім былай болып шықты:



Үлкендер маған айдаһар жыланды, іштей немесе сырттай бейнелегенімді қойып, одан да географияға, тарихқа, есеп-қисапқа және жазу ережесіне көбірек көңіл қоюыма кеңес берді. Осылайша мен атақты суретші болу арманымнан алты жасымда-ақ бас тарттым.

1-тапсырма. Автор өз ертегісін кімге арнаған?

- a) Леон Вертке;
- b) досына;
- c) бала Леон Вертке.

2-тапсырма. Автор ертегісін неге оған арнағанын өз сөзіңмен түсіндіріп жаз.

3-тапсырма. Бұл мәтінді суретсіз елестет. Не өзгерді?

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЖАҒДАЯТТЫ ШЕШУ (ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРМЕН ЖҰМЫС)

9-мәтін

ҚТЖ сайтында онлайн билет сату парақшасы берілген. Мұқият қарап, билет сатып алу жолдарын қарастыр.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ Басты Жолдаушыларға Жөнелдіктер Саяхат Біз туралы F.A.Q. Кіру

1 Поезды таңдау
Маршрут нұсқаларын таңдаңыз

2 Орынды таңдау
Вагондағы орындарды таңдаңыз

3 Ресімдеу
Билетті ресімдеңіз

АЛМАТЫ НҰР-СУЛТАН-НҰРЛЫ ЖОЛ

23-09-2019, пнд Кері қайту күні

+/- 2 күн

Іздеу

Сұзгілер

Сұзгіштерді қолдану үшін "Іздеу" түймесін басыңыз

Тікелей бағыт

№ Поездың	Жөнелтілу уақыты	Жолда жүру уақыты	Жету уақыты	Вагон түрі	Бағасы
003Ц Сияпаттамасы АЛМАТЫ 2 → НҰРЛЫ ЖОЛ Поезд бағыты	15:24 23 сент. 2019 г. (время местное)	15:10:00	06:34 24 сент. 2019 г. (время местное)	Сидячий (69 орын) Купе (272 орын) Люкс (18 орын)	3 462,00 ₸ 8 259,00 ₸ 11 407,00 ₸
Пойызды таңдау					
009Т Сияпаттамасы АЛМАТЫ 1 → НҰРЛЫ ЖОЛ Поезд бағыты	17:38 23 сент. 2019 г. (время местное)	18:56:00	12:34 24 сент. 2019 г. (время местное)	Плацкарт (216 орын) Купе (201 орын)	3 902,00 ₸ 6 689,00 ₸
Пойызды таңдау					
707Ц Сияпаттамасы АЛМАТЫ 2 → НҰРЛЫ ЖОЛ Поезд бағыты	18:52 23 сент. 2019 г. (время местное)	13:48:00	08:40 24 сент. 2019 г. (время местное)	Купе (160 орын) Люкс (14 орын)	9 513,00 ₸ 12 873,00 ₸
Пойызды таңдау					

1-тапсырма. Университетте оқитын Әлияға Алматыдан Нұр-Сұлтан қаласына ғылыми конференцияға бару керек болды. Конференция 2019 жылдың 24 қыркүйегінде өтеді. Конференцияға тіркеу сағат 9.00-де басталады. Егер жол ақысы 5200 тг (бір бағытқа) тұратынын ескерсе, онда Әлияға қай пойызға билет алған тиімдірек? Неліктен?

- a) 003Ц пойызы b) 009Т пойызы c) 707Ц пойызы

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Международная программа PISA 2000.– М.: Центр оценки качества образования ИОСО РАО, 2003, с. 8
2. «Основные результаты международного исследования PISA-2015», 2017 год: Национальный отчет/С.Ирсалиев, А. Култуманова, Е. Сабырұлы, М. Аманғазы – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2017–241 стр.
3. 10 крутых сайтов для создания собственных комиксов// URL: <https://cameralabs.org/7478-10-krutyykh-sajtov-dlya-sozdaniya-sobstvennykh-komiksov>
4. <http://slovesnic.ru/attachments/article/303/frozhddest.pdf>
5. PISA Test Questions// URL: <http://www.oecd.org/pisa/pisaproducts/pisa-test-questions.htm>
6. Understanding the task// URL: <http://www.uefap.com/prepare/task/taskfram.htm>
7. Калиева Г.Е. Совершенствование профессиональной деятельности педагога в условиях информационно-образовательной среды: гипертекст как среда для развития читательских компетенций [Электронный ресурс]// URL: http://www.rusnauka.com/6_PNI_2012/Pedagogica/2_102376.doc.htm
8. Международная программа PISA. Примеры заданий по чтению, математике и естествознанию.– М.: Центр оценки качества образования ИОСО РАО, 2003.
9. Мирсеитова С. Обучение – как поиск и поиск для обучения. Формы и методы развития критического мышления обучающихся.– Караганды: ИП «Жолдак Е. В.», 2011.
10. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам общественно-гуманитарного цикла. Методическое пособие.– Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013.– 41 с.
11. Поддьяков А. Решение комплексных проблем в PISA-2012 и PISA-2015: взаимодействие со сложной реальностью. [Электронный ресурс]// URL: <http://edupolicy.ru/wp-content/uploads/2013/11/Poddjakov-No.6.2012.pdf>
12. Рождественская Л., Логвинова И. Формирование навыков функционального чтения. Пособие для учителя. [Электронный ресурс]. URL: <https://slovesnic.ru/attachments/article/303/frozhddest.pdf>
13. Сурдуковская С.В. Формирование грамотности чтения учащихся профильной школы как условие повышения качества образования [Электронный ресурс]. URL: <http://uch.znate.ru/docs/3520/index-4468.html>